



БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ САПАЛЫ БІЛІМ

*Педагогтердің I съезіне
Ұлттық баяндама жобасы*

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

Қазақстан Республикасы Ғылым
және жоғары білім министрлігі

Астана қ., 2023 ж.

Мазмұны

3	Баршаға қолжетімді сапалы білім
3	Кіріспе
9	Балабақша – өсіп жетілудің жайлы мекені
9	Баршаға қолжетімді мектепке дейінгі білім мен тәрбие
11	Дамыту, тәрбие және білім беруге қатысты ұстанымды өзгерту
11	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау
13	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі педагог
14	Ата-аналармен қарым-қатынас
15	Әр мектеп – үздік мектеп
19	Мұғалім баланы табысқа жетелейді
22	Орта білім беру мазмұны
24	Мектепті дамыту жоспары
25	Цифрлы трансформация
26	ТжКБ - жұмысшы кадрларды дайындау ордасы
27	Оқу мазмұны – сапалы кадр дайындаудың негізі
28	ТжКБ жүйесін дамытудағы инновациялық қадамдар
29	Сапаны қамтамасыз ету
31	Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
32	Білім беру мазмұнын өзгерту
33	Цифрлық трансформациялау
33	Білім беру сапасын қамтамасыз ету
36	Білім жүйесіндегі басқару тетіктері
40	Қорытынды

Баршаға қолжетімді сапалы білім

Кіріспе

Әлем бір орында тұрмайды әрі дамылсыз дамудың бұл динамикасы үдей түскенін байқаймыз. Заманауи технологиялар, ғылым мен гуманитарлық саладағы жетістіктер адамға шабыт беретіні рас, бірақ осы құбылыстардың барлығының негізінде білімі, білігі, құндылықтары мен мақсаты бар жеке тұлға тұрғанын есте ұстаған абзал.

Бұл процестегі шешуші тетік – заманға сай өзгеріп отыруы тиіс білім беру саласы. Дәл қазір бұл салада қолға алынатын іс-шаралар үш негізгі міндетке бағытталуы қажет, олар:

- технологиялық және демографиялық қатерлерді ескере отырып, адами капиталдың сапасын жоғарылату;
- технологиялық, цифрлық жаңғырту, еңбек өнімділігі мен жұмыс орындарының өсуі;
- өзгерістердің белгісіздігі мен шапшаңдығы жағдайында қоғамның өміршеңдігі.

Мемлекет мұғалімдердің мәртебесін көтеру, мектеп, балабақша, мектептен тыс мекемелер, колледждер мен жоғары оқу орындарын салу бойынша міндеттемелерін орындап келеді. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізуге қажетті жағдай жасалып отыр. Білім беру саласында бәсекелестік орта қалыптасып, көптеген жаңа орталықтар мен мамандар пайда болды. Олар оқу материалдарын, оқыту әдістемелерін, мектепті қаржыландыру модельдерін, білім беру ортасын ұйымдастыруға инновациялар енгізіп жатыр. Мұның барлығы терең әрі саналы дамуға, бала да, ата-ана да, мұғалім де сезінуі тиіс сапалы нәтижелерге бастайтын сан-салалы жұмыстың алғышарттары ғана.

Қазақ халқы ежелден білімнің ең асыл қазына, адамды арманы мен үкілі үмітене жеткізер басты құндылық екенін мойындаған. Біздің ұлттық санамыз өзгеріске ашық, жасампаздыққа құмар, танымды шектейтін тосқауылдардан тыс.

Бізде өте мықты білім беру жүйесін құруға қажетті алғышарттар жеткілікті. Білім беру саясаты ұлттық және халықаралық объективті өлшемдер негізінде құрылады. Бізде озық ойлы педагогтер жасаған оқыту тәжірибелері аз емес.

Осы алғышарттар, атап айтсақ кәсіби мамандар, отбасылар, мектептер, ресурстар кең байтақ еліміздің кез келген бұрышында әр бала үшін ең жақсы мектебі бар мемлекетке айналуына мүмкіндік береді. Қазақстан тап осындай ел бола алады. Осыған үлес қосу – Отанын сүйетін әр азаматтың еліміздің гүлденуіне қоса алатын ең ізгі де сауапты амалы болмақ.

Сапалы білімге қол жеткізуді жеңілдету үшін білім берудегі олқылықтарды, соның ішінде пандемия тудырған кемшіліктерді жою қажеттілігі ескеріледі. Енді жекелеп оқытуға көбірек күш салу қажет болады, әсіресе, үлгерімі төмен оқушыларды ілгерілету қажет.

Технологиялардың, интернеттің және Big Data, яғни деректер базасының рөлі барған сайын артып, адамдардың, жалпы қоғамның тыныс-тіршілігіне ықпал ететіні анық.

XX ғасырдың екінші жартысында әлем әлдеқайда тұрақты, анық та қарапайым еді (World Bank, 2020)¹. Ол бүгінгі таныс, ертеңі де айқын әлем болатын. Ол кезде мектептегі білім беру моделі барлық оқушыны бірдей мазмұнмен және барлық балаға бірдей уақыт бөлінетін жаппай оқытуға негізделді. Алайда, ол дәуір өтті. Өйткені, технологиялардың даму жылдамдығы уақыттың ұрпақтан-ұрпаққа өтуіне қарағанда анағұрлым тез.

Өткен ғасырдың 90-жылдары басында болжам жасауға үлгертпей тез өзгертін, тосын кезеңге аяқ бастық. Бұрын-соңды көрмеген ақпарат тасқыны шешім қабылдауды қиындатып, не нәрседе де белгісіздікке әкеледі. XXI ғасырдың алғашқы 14 жылында адамзат тұтас XX ғасырдағы жетістіктерге парпар прогреске қол жеткізді. Сарапшылардың пікірінше, бұл ғасырдағы ілгерілеу өткен ғасыр жетістіктерінен мың есе асып түсуі мүмкін*.

Еңбек ету формасы қазір әртүрлі, ол барған сайын біркелкі және бірқалыпты болудан қалып барады, «үлгіге сай» шешуге болатын міндеттер азайды. «Оқыдым – мамандық алдым – білігімді арттырдым – қызметте өстім» деген үйреншікті парадигма өткеннің еншісінде. Болашақтың мамандығы деген – ең алдымен, экономика және еңбек нарығындағы өзгерістердің ықпалына қарай дағдылар мен білім мазмұнын қайта қарау, содан кейін ғана мамандық немесе кәсіп түрінде іске асырылатын нақты форма. Сондықтан, мамандықтардың қалыптары бұзылды, енді мульти-потенциалды, яғни сан қырлы адамдар дәуірі басталады.

Кейінгі жылдарда жасанды интеллектінің дамуы еңбек нарығында айтарлықтай күңгірттік тудырды. Жасанды интеллектінің (ЖИ) (IBM, 2023)² мамандық бойынша жұмыс істеуге тигізетін әсері туралы IBM-нің сарапшылық есебінде екі негізгі мәселе аталып өтеді, олар:

Біріншіден, жасанды интеллект саласындағы революция жаңа бетбұрыс кезеңіне жетті, осыдан кейінгі өзгеріс жылдамдығы бірнеше есе артады.

Екіншіден, жасанды интеллект адамдарды алмастырмайды, ЖИ-ді қолданатын адамдар оны қолдана алмайтын немесе қолданғысы келмейтіндерді алмастырады.

Технологиялардың дамуы жақын арада бір сарынды қызмет түрлерін ғана емес, жоғары біліктілікті қажет ететін күрделі міндеттердің де автоматтандырылуына әкелетіні белгілі болды. Жасанды интеллект барған сайын көп нәрсеге дағдыланып, болашақта экономиканың барлық салаларында мамандарды алмастырып, кадр қажеттілігін айтарлықтай азайтады. Технологиялық инновациялардың ықпалына ілікпейтін мамандық түрі жоқ.

¹ World Bank (2020). Kazakhstan-COVID-19: Impact on learning loss. <https://thedocs.worldbank.org/en/doc/307511594086679993-0080022020/>

² IBM (2023). Augmented work for an automated, AI-driven world. <https://www.ibm.com/downloads/cas/NGAWMXAK>

ДЭФ (ДЭФ, 2023)³ сарапшыларының болжамына сенсек, алдағы 4 жылда барлық сала қызметкерлерінің жартысына жаңа дағдыларды меңгеру қажет болады, ал болашақта қайта оқып, біліктілік алып отыру қалыпты дүниеге айналады.

Бірқатар сарапшылардың болжамы бойынша, жасыл экономикаға көшу және кейінгі жылдардағы геосаяси процестерді ескерсек, еңбек нарықтары ұлттық экономиканың ішкі мүддесіне қарай шоғырланып, дағдылар қайта бағытталады (ДЭФ, 2023)⁴.

Мұндай жағдайда білім беру жүйесі тез өзгертін әлемге ілесе алмай, саладағы кейбір процесстер кешеуілдеуі ықтимал:

- **мойындау:** келешектегі қоғамдық және әлеуметтік сын-қатерлерді, білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйі мен ықтимал қиындықтарын анықтау және талдау қаншалықты тиімді жүреді?
- **шешім қабылдау:** болашақта қоғамдық және әлеуметтік сын-тегеуріндер мен өзекті мәселелер туындаған жағдайда, оқу бағдарламаларын жасақтауда жоспарлай алу және шешім қабылдау процестері қаншалықты тиімді жолға қойылған;
- **жүзеге асыру:** білім беруде жаңа мақсаттар мен рәсімдерді енгізу қаншалықты тез және тиімді жүреді, жүзеге асыруды қандай факторлар жеделдетеді немесе баяулатады;
- **ықпал ету:** қайта құрылымдау мақсаттарға қол жеткізуде, оқу нәтижелерін арттыруда, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруда қаншалықты тез және тиімді болады.

XXI ғасыр табалдырығында жетекші ұлттық білім беру жүйелері мен халықаралық ұйымдар (ЮНЕСКО, ЭЫДҰ, Дүниежүзілік банк) ұлттық білім беру жүйелерін реформалау қажет деген анық ұйғарымға келді. Барлығы тұрақты, бәрін де болжауға болатын XX ғасырдың екінші жартысында оң нәтиже берген білім беру моделін ендігі пайдалану тиімсіз.

Сарапшылардың пікірінше, алдағы уақытта жаһандық қауіп-қатерлерді шешуге қатыса алатын, жасампаздығы, эмоционалды бейімділігі мен тұрақтылығы, жауапкершілігі мен эмпатиясы бар, түрлі әлеуметтік топтардың, мәдениеттер мен ұлттардың өкілдерімен қарым-қатынас орната алатын адамдарға деген қажеттілік өседі.

Маманға қойылатын талаптар жиынтығы өзгереді, оның ішіндегі ең өзектісі: аналитикалық ойлау мен инновацияға ашықтық, ұдайы оқуға дайын болу, мәселе шешуге кешенді көзқарас, сыни ойлау мен талдау, шығармашылық пен ерекше ойлау қабілеттері.

Орташа өмір сүру жасының ұзаруы және әлеуметтік өзгерістер жеделдеген сайын үздіксіз оқып-үйрену мәдениетіне көшу жалғасады, оның ішінде біліктілікті арттыру, кросс-оқыту т.б. бар.

³ World Economic Forum (2023). Future of Jobs Report 2023. https://www3.weforum.org/docs/WEF_Future_of_Jobs_2023.pdf

⁴ World Economic Forum (2023). Future of Jobs Report 2023. https://www3.weforum.org/docs/WEF_Future_of_Jobs_2023.pdf

Адамзаттың жаһандық мәселелерін шешудің ең тиімді құралы мен тетігі – қазіргі адамды трансформациялық және жасампаз қызметтің субъектісі ретінде дамытуға бағытталған білім беру болмақ. Бұл орайда, қазіргі жағдайдың маңызды ерекшеліктерінің бірі – білім берудің әмбебап жалпыадамзаттық миссиясын түсіну.

Қазіргі заманғы тенденцияларды ескере отырып, білім берудің жаңа моделін енгізу бағытында жұмыс істеу қажет. Ол «білім беру – оқу» ұстанымынан «білім беру – тұлғаның қалыптасуы мен дамуы» ұстанымына көшуді көздейді.

Осы модельге сәйкес, әр адам бойындағы қабілеті, мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай оқудың барлық кезеңінде – балабақшадан бастап, мектеп, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейін жеке білім беру бағдарламасына ие болады. Өз бетінше оқыту құзыреттілігін дамыту, өмір бойы үздіксіз білім беру жүйесі шеңберінде даму траекториясын құру бірінші кезекте тұрады.

Білім беру моделін толыққанды трансформациялау үшін бізге таяу арада келесі мәселелердің шешімін табу қажет:

- **Демографиялық өзгерістер**

Елімізде жылына орта есеппен 400 мыңнан астам бала туады (ҰСБ СЖЖРА, д.б.)⁵. Алдағы үш жылда елдегі колледждер мен жоғары оқу орындарына 1,5 млн астам студент барады. 2030 жылға қарай жұмыс күшінің 80 пайыздан астамы жастар болады. Бұл үшін білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын кеңейту, ресурстық қамсыздандыруды инвестициялау, оқытудың аралас моделіне көшу қажет болады. Сонымен қатар, білім беру сапасын төмендетіп алуға болмайды.

- **Кадрмен қамтамасыз ету**

Білім беру саласында кадр тапшылығы, соның ішінде білікті мамандардың жетіспейтіндігі сезіледі. Жыл сайын 5 мыңнан астам педагог жетіспей жатады. Білім алушылар қатарының қалыңдауына байланысты кадр тапшылығы үнемі арта бермек. Жылына педагогикалық білім алған түлектердің 20 пайызы мамандығы бойынша жұмыс істеуге бармайды. Педагогтердің тек 16,2 пайызы ғана жоғары санатқа ие (зерттеуші педагогтер, педагог шеберлер) (Талдау, 2023)⁶.

Кадр дайындау және қайта дайындау бағдарламаларын өзгерту талап етіледі, білім берудің барлық деңгейінде және педагогикалық қызметінің соңына дейін педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының рөлі күшейіп келеді.

- **Білім сапасы**

Мектеп оқушыларының сапасын тексеру бойынша шығарылған қорытынды білім беру сапасының төмендігін көрсетті. Айталық, PISA-

⁵ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы (б. д.). Туу коэффициенті. <https://bala.stat.gov.kz/rozhdalmost/>

⁶ «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы талдаудағы ұлттық білім беруді зерттеу және бағалау орталығы» АҚ (2023). Қазақстанның білім статистикасы. Ұлттық жинақ. Астана

2018 қорытындысы бойынша, қазақстандық оқушылар әлемнің 78 елі ішінде 69-орыннан көрінсе (OECD)⁷, PIRLS-2021 нәтижесі – 65 елдің ішінде 35-орын (IEA)⁸.

Колледждердің 15 жастағы студенттері арасында жүргізілген бағалау (PISA-2018), олардың мектепте оқитын қатарластарынан 27 балға артта екенін көрсетті (OECD)⁹.

PIAAC мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанның жоғары білімі бар ересек тұрғындарының нәтижесі ЭЫДҰ мемлекеттеріндегі ересектерден оқу бойынша да, математикалық сауаттылық бойынша да 35 балға төмен (OECD)¹⁰.

Демек, кәсіптік оқытудың Қазақстанда базалық дағдыларды дамытуға айтарлықтай әсері жоқ. Орта, жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейін де білім алған қазақстандықтар шамамен математикалық және оқу сауаттылығы бойынша тек екінші деңгейге ғана жеткен.

Қазіргі жағдай білім беру сапасын көтеру үшін тиімділігі жоғары кешенді шаралар қабылдауды, сонымен қоса білім беру жүйесінің барлық деңгейін қамтитын білім сапасын бағалаудың тәуелсіз жүйесін енгізуді талап етеді.

- **Жаңа технологиялар және цифрландыру**

ICILS-2018 (Fraillon et al., 2020)¹¹, зерттеулері бойынша қазақстандық мектеп оқушылары цифрлық сауаттылықтықтан 14 қатысушы мемлекеттің ішінде ең соңғы 14-орында. Оқушылардың 54 пайызы компьютерлік және информатикалық сауаттылық бойынша ең төменгі 1-деңгейге де жете алмаған.

Сонымен бірге, оқулықтардың 20 пайыздан астамында цифрлы балама жоқ, мектептердің тек 18,5 пайызында ғана интернет талапқа сай. Жүйе цифрлы контенттің өте аздығымен, цифрлы орта тиісінше дамымағандығы және цифрлы мәдениеттің төмендігімен сипатталады.

TALIS-2018 (ATO, 2019) халықаралық¹² зерттеулерінде педагогтердің 30 пайызы сабақ беруде пайдалану үшін АТТ дағдыларын дамыту бойынша біліктілікті арттыру курстарына «жоғары» сұраныс білдіргені айтылады.

PIAAC зерттеулері бойынша ересек тұрғындардың (16-65 жас) 16,2 пайызы жоғары технологиялық ортада мәселелерді шешу жөнінен

⁷ OECD. PISA-2018 results, <https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2018-results.htm>

⁸ IEA. PIRLS-2021, PIRLS-2021 International Report, <https://www.iea.nl/news-events/news/pirls-2021-international-report-and-results-now-online>

⁹ OECD. PISA-2018 results, <https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2018-results.htm>

¹⁰ OECD. Kazakhstan: Adult skills, Survey of Adult Skills, PIAAC, 2018 <https://gpseducation.oecd.org/CountryProfile?primaryCountry=KAZ&treshold=5&topic=AS>

¹¹ Fraillon, J.A., Ainley, J., Schulz, W., Friedman, T., & Duckworth, D. (2020). Preparing for life in a digital world. IEA International Computer and Information Literacy Study 2018: International report, IEA

¹² ATO (2019) TALIS-2018 оқыту мен білім берудің халықаралық зерттеуі: Қазақстанның алғашқы нәтижелері. Ұлттық есеп, бірінші том / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, Нұр-Сұлтан, 155 бет

екінші және үшінші деңгейді көрсете алған. Орташа көрсеткіш ЭЫДҰ мемлекеттерімен салыстырғанда екі еседей төмен (29,7 %) (OECD)¹³.

Аталған тенденциялар басқару жүйесі мен оқу процестерін цифрландыру үшін жағдай жасауды талап етеді. Білім беру және оқу процестеріне цифрлы технологияларды толыққанды енгізу мақсатында білім беру мекемелерінің компьютерлермен және интернеттің тиісті жылдамдығымен жоғары қамтамасыз етілуі ғана маңызды емес, сондай-ақ цифрлы мәдениетті көтеру қажет.

- **Басқару жүйесі**

Мектептерде кадрдың жиі ауысатыны байқалады, 1 мыңға жуық директордың орны 1 жылдан астам уақыт бос тұр.

Педагогтерге қоғам тарапынан қатты қысым көрсетілетіні сезіледі. Білім беру мекемелерінің стейкхолдерлермен, инвестор, бизнес, атқарушы билік, түлектер, демеушілер, ата-аналар және жергілікті қауымдастықпен өзара әрекеттесуі төмен деңгейде екені білінеді. Олар білім сапасы үшін жауапкершілікті бірге көтеру мәселесінде белсенді емес.


Stakeholder management принциптеріне негізделген білім беру жүйесінің басқару моделін түпкілікті түрде қайта қарау керек.

Еліміздің балалары мен жастарының білім сапасын жақсарту бойынша бірігіп, бірлесіп диалог және қолдау форматында жұмыс істеуге келісетін кез келді. Алдағы онжылдықта жастар мен балаларды сапалы білім берумен қамтамасыз ету мәселесі ұлттық идеяға айналуы тиіс.

Осы мәселенің бәрі әдіс-тәсілдеріміз бен білім беру жүйесін толығымен трансформациялауда жаңа көзқарас талап етеді.

Білім берудің шын мәнінде жалпыұлттық басымдықтарын анықтап, балаларымыз үшін, жаңа ұрпақ үшін кемел келешекке жол ашар, бәріміз армандайтын білім беру жүйесін құруда ортақ жауапкершілік алатын кез келді. Алдағы он жылдықта балалар мен жастарға сапалы білім беру мәселесі Ұлттық идеяға айналуы тиіс.

¹³ About PIAAC. (n.d.). <https://www.oecd.org/>. Retrieved August 16, 2023, [Онлайн ресурc] Доступно по cсылке: <https://www.oecd.org/skills/piaac/>



Балабақша – өсіп жетілудің жайлы мекені

Қолжетімді және сапалы мектепке дейінгі білім БҰҰ-ның (БҰҰ) тұрақты¹⁴ даму мақсаттарының тізіміне кіреді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат түрлі әлеуметтік топ пен тұрмыстық жағдайы әрқилы отбасылардан шыққан балалардың бастапқы мүмкіндіктері тең болып, сапалы білім алуына жағдай жа-сауға бағытталған. Соңғы 10 жылда балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту-мен қамту мәселесі негізінен шешілді¹⁵.

Бүгінде мектепке дейінгі мекеме дегеніміз:

- баланы күтіп, оған қарайтын орын ғана емес, ең алдымен және негізінен жайлы әрі қауіпсіз жағдай жасалған, балалардың қажеттілігін жан-жақты қанағаттанды-руды мақсат ететін дамытушы оқу ортасы;
- балаларды дені сау, интеллектуал, адамгершілігі мол, эмоциялы етіп, әлеуметтік дамыту мәселелері бойынша отбасының серіктесі;
- әрбір педагог – баланың досы және оның даму жолындағы көмекшісі болатын қуаныш пен игілік аумағы.

Осы ұстаным мектепке дейінгі мекемелердің іргетасы болуға тиіс.

Баршаға қолжетімді мектепке дейінгі білім мен тәрбие

Басты міндеттердің бірі – барлық бала үшін сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуға теңдей қолжетімділікті қамтамасыз ету (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы)¹⁶. Балаларды 2 жасынан бастап мектепке дейінгі біліммен қамтуға қатысты шаралар қабылданып жатыр, бұл ретте ата-ананың формат таңдау құқығы бар: үйде, орталықтарда немесе балабақшаларда тәрбиелеп оқытуына болады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын санын одан әрі көбейту үшін мемлекет меншік түрі (мемлекеттік, жеке, мемлекеттік оқу тапсырысын орындайтын жеке), қаржыландыру мен балабақшада болу уақытына қарай әртүрлі форманы қолдайды.

Сонымен бірге, мектепке дейінгі бейресми мекемелердің қызмет көрсету саласын, яғни әртүрлі таңдауға сай және ата-аналардың қаражаты есебінен қызмет көрсететін балаларды дамыту орталықтарын өркендету қажет. Бүкіл әлемде мұндай қызметті

¹⁴ БҰҰ, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары. <https://www.un.org/sustainable-development-goals>

¹⁵ О. Томюк, М. Дьячкова, Н. Кириллова, А. Дудчик (2019). Цифровизация образовательной среды как фактор личностного и профессионального самоопределения обучающихся

¹⁶ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

жеке, қоғамдық ұйымдар немесе жеке кәсіпкерлер көрсетеді. Біздің елімізде де осындай тәжірибе бар. Олар сапалы болуы үшін және қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында осы қызметтерді заңдық тұрғыда бекітіп, олар үшін рұқсат тәртібін белгілеу керек. Ата-аналар балаларына алаңдамауы керек және олардың қауіпсіз жерде екеніне, дүниетанудың алғашқы дағдыларын лайықты жағдайда меңгеріп жатқанына сенімді болуға тиіс.

Тұрмысы төмен отбасылардың балаларына мектепке дейінгі тәрбие және білім мемлекет қолдауымен, яғни мемлекеттік оқу тапсырысын және тамақтандыруға кететін шығындарды өтеу есебінен қолжетімді болады.

Отбасылық тәрбие принциптерін ұстанатын және балаларын балабақшаға беруді қаламайтын ата-аналар үшін кеңес орталықтары ұйымдастырылады. Бұл – «Отбасы шеберлік мектебі» арнайы бағдарламасы аясындағы отбасыларды қолдау орталықтары. Бағдарлама балаларды жас ерекшелігіне сәйкес дамыту, оның ішінде күтім мен дұрыс тамақтандыру, қауіпсіздік шаралары т.б. мәселелерді қамтиды.

Мектепке дейінгі тәрбиенің дәстүрлі институттары жанындағы кеңес орталықтары балалар клубтары, академиялар, балаларды ойынмен қолдау орталықтары және ата-аналардың өзіндік білімін көтеруге бағытталған ерте әлеуметтену сияқты жаңа формалармен толықтырылып отыруға тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардың оқыту-тәрбиелеу процесінің нәтижелілігіне ата-аналардың ортақ жауапкершілігін арттыру өте маңызды. Мемлекет балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған оқу тапсырысын, оның ішінде қарау мен күтуді де (тамақтанудан басқа) қаржыландырады, ал ата-ананың міндеті – баланың балабақшадан қалмауын қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі мекемелерге жолдама алған балалар белгілі себепсіз сабақтан қалмауға тиіс, себепсіз қалған күндердің ақысын ата-аналар өз есебінен өтеуі керек. Осылайша, мемлекет қаржысының дұрыс бағытталуы, нысаналы мақсаты, сондай-ақ тиімді жұмсалуды қамтамасыз етіледі, ондай жағдайда ата-аналардың рөлі мен жауапкершілігі де артады.

Мектепке дейінгі білім беру мен бастауыш мектептің үйлесімділігін мазмұндағы, оқыту әдістеріндегі және жасы кіші балаларды тәрбиелеудегі сабақтастықты қамтамасыз ету жолымен іске асыру керек. Оқытудың әр кезеңінде балалардың міндеттері, қажеттіліктері және жасына сай мүмкіндіктері ескерілуі тиіс.

Баланың даму картасы негізінде оны оқытудың жеке траекториясы анықталады. Барлық бала қабілетті және барлық бала тең. Сондықтан, мектепке қабылдау үшін іріктеу мақсатындағы тестілер өткізілмеуі керек.

Түрлі себеппен балабақшаға бармаған немесе педагог пен ата-ананың пікірі бойынша мектепке дайын емес, бірақ 1-сыныпқа қабылдануға жасы жеткен балаларға мектептерде бейімделу бағдарламасы ұсынылады. Бірақ, балалар бөлек топтастырылмауы керек. Бірінші сыныпқа бейімдеу жұмыстарын мұғалімінің ассистенті атқаруға тиіс. Осы штаттық бірлікті бөлу мүмкіндігі заңнамалық деңгейде қарастырылады: әрбір білім беру мекемесінің өз қажеттілігіне сай штаттық кестені бөлінген еңбекақы қорының 15%-ы шегінде өзгертуіне мүмкіндігі болады.

Жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемін анықтауға өзгерістер енгізіліп, оған оқыту бағдарламалары мен балаларды дамытуға арналған құралдарды алу шығыны қосылады (ҚР БЖҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы)¹⁷.

¹⁷ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016137>

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің типтік оқу бағдарламасы аясында арнайы педагогтер мен психологтердің қатысуымен түзету құрамы жасақталады (ҚР БЖҒМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы)¹⁸. Мүмкіндігі шектеулі балаларды алып жүру және балабақшада оқыту процесін ұйымдастыру қажеттігі көбейіп бара жатқанына байланысты типтік штатқа педагог-ассистент қызметкерін енгізу жоспарланып отыр¹⁹.

Дамыту, тәрбие және білім беруге қатысты ұстанымды өзгерту

Мектепке дейінгі мекемелерге даму бағытын өзінше анықтау мүмкіндігі беріледі, оның негізінде педагогикалық кеңесте әзірленіп, бекітілетін жеке, бейімделген, дамытушы бағдарламалар, оқытудың түрлі әдістемесі және технологиясы, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін оқыту процесін ұйымдастыру әдістері болады. Бұл ретте басты назар баланың ішкі психикалық-эмоциялық тұрақтылығын, оның толыққандылығын қалыптастыруға аударылады. Әрбір ата-ана және баламен жұмыс істейтін адам бала тәрбиешісімен және басқа да ересектермен қарым-қатынаста барынша еркін болса, оның психикалық-эмоциялық күйі соншалық дамитынын түсінуге тиіс.

Оқыту қызметін ұйымдастыруда бала процестің белсенді қатысушысы ретінде қабылдануы керек. Баланың қызығушылығын бақылау, оның өзі таңдаған белсенді шараларын басшылыққа ала отырып, педагог алдын ала жоспарлаған әрекеттермен ғана шектемеу өте маңызды. Ұйымдастырылған оқу қызметінен бастап, әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның әлеуетін барынша дамыту үшін жағдай жасау бағытында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың рөліне көзқарас өзгеруі тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалар белсенді қимыл-қозғалыс пен тәжірибе арқылы үйренеді. Сондықтан, оқу қызметі ойын форматында өткізілуі керек. Педагог әр балаға жеке-жеке көңіл бөледі, әрекеті мен ой-пікіріне шынайы қызығушылықпен қарайды, оны тыңдап, жылы сөйлейді. Тәрбиешінің бала тарапынан жасалған дербес қадамдарды бағалауы, тұлға ретінде қабылдауы және қолдауы оның болашақта табысты болуының кепілі саналады.

Соның нәтижесінде мектепке дейінгі мекеменің түлегі – білімге құштар, ақ жарқын, қатарластарымен және айналасымен тіл табыса алатын, мектепте оқуға дайын, өзі жүріп-тұратын әрі әлеуметтенген бала.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау

Мектепке дейінгі білім беру сапасын анықтау үшін 2017 жылдан бері Қазақстанда мектепке дейінгі мекеменің өзі өткізетін мектепке жасы жетпеген балалардың дағдысы мен икемін дамыту индикаторы жүйесін (мониторинг) (Әдістемелік ұстанымдар, 2018)²⁰ әзірлеу, мақұлдау және енгізу басталды. Бұл мониторинг балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін реттеу үшін маңызды.

¹⁸ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒ министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V16000142359>

¹⁹ Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» ҚР ОМ министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы

²⁰ <https://rao.kz/223-metodicheskie-rekomendacii-po-monitoringu-razvitija-umenij-i-navykov-u-detej-doshkolnogo-vozhrasta.html>

Мектепке дейінгі білім беру сапасын ішкі бағалауға педагогтердің кәсіби қызметі мен білім беру ортасының тиімділігі жөніндегі материалдарды жинау және талдауды қарастыратын өзіндік бағалау кіреді. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын бақылау кезеңдерін, балалардың дағдысы мен икемділігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасуын, педагогтің жұмыс процесін реттейтін әрекеттер енгізуін қарастырады. Балалардың қабілеті және меңгерген дағдылары баланың даму картасында көрсетіледі. Ішкі бағалаудың осы құралы сақталады.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалауға ішіне ата-аналар арасындағы сауалнама кіретін мемлекеттік аттестация арқылы тәуелсіз бағалау және ерікті институционалдық аккредитациялау жатады.

Мемлекеттік аттестаттаудың қазіргі жүйесі нысанға барып бақылау формасына ауысады. Ерікті институционалдық аккредитациялау қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және оны көрсетуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі мекемелерді аккредитациялауды тәуелсіз ұлттық немесе халықаралық аккредитациялау ұйымдары өткізеді. Аттестациялау және аккредитациялау мойындалған стандарттар мен регламенттер негізінде басты үш бағыт, яғни ұйымдастыру сапасы, педагогикалық процесс сапасы, нәтиже сапасы бойынша іске асырылады (ҚР БЖҒМ 2022 жылғы 23 маусымдағы бұйрығы)²¹.

Бұл ретте сапалы нәтиже балалардың эмоциялық, моральдық, менталдық, психологиялық саулығы мен дамуын, әлеуметтік дағдыларын, әрі қарайғы өмірге дайындығын тікелей өлшеуден алынады деген сөз емес. Ол балалардың күні бойғы іс-әрекетін бақылау және ата-аналар арасында сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Бізге балалардың, отбасылардың, қоғамның нақты мектепке дейінгі ұйымнан алатын пайдасы және оның балалардың саулығына ықпалының нәтижесі маңызды.

Педагогикалық процестің сапасы педагогтер қызметін бақылау арқылы зерттеледі:

- олар өз жұмысында балаларды дамытуға бағытталған әрекет қолдана ма;
- балалар ұжымындағы, педагог пен бала арасындағы өзара байланыс қалай құрылған, күту мен білім беру күнделікті тәжірибеге қаншалықты кіріктірілген;
- білім беру ортасы баланы қаншалықты жақын тартады және оның қажеттіліктеріне сай ма;
- педагогтердің әр баланың отбасымен өзара қарым-қатынасы қалай ұйымдастырылған және ата-аналар педагогтердің күнделікті тәжірибесіне қатыстырыла ма.

Мекеме сапасын бағалауға балабақша жайлы мәліметтер, яғни оның дизайны, кеңістіктің ішкі жинақылығы, педагогтердің білімі және кәсіби деңгейі, бағдарлама мазмұны, қаржылық реттеу, балалар санының ересектер санына қатысы, балаларға жеке көзқарас, балалар қауіпсіздігіне қажет жағдайлар туралы деректерді жинастыру кіреді.

Балабақшаларды сырттай бақылау балаларды оқыту мен олардың қауіпсіздігінің сапа стандартын қамтамасыз ету мақсатында ғана іске асырылады. Дәл осы мақсатпен қауіпсіздік, балалардың және олардың заңды өкілдерінің құқығын ҚР заңнамаларына сәйкес қамтамасыз ету мәселелері бойынша мектепке дейінгі мекемені ашуға және қызметін бақылау тәртібіне қатысты талаптар қайта қарастырылады.

Педагогтердің дайындық деңгейін, оларға балалармен жұмыс істеуге рұқсат берілуін және балалардың ерте дамуы үшін жасалған жағдайды анықтайтын мектепке дейінгі білім берудің сапа кепілдігі жүйесін құру қажет.

²¹ «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2022 жылғы 22 маусымдағы №292 бұйрығы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780

Сыртқы бағалау нәтижелері бойынша балалардың құқығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда ақпарат Балалар құқығын қорғау комитетіне беріледі. Балалар құқығын қалпына келтіру, жайлы өмірлік жағдайларды қамтамасыз ету мәселелері өкілетті және жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның ведомствоаралық жиналыстарында қаралады.

Осылайша, әлемде бағалаудың кешенді құралы ретінде қолданылатын ECERS ерте балалық шақтағы қоршаған ортаның рейтингілік шкаласын пайдалану арқылы Мектепке дейінгі білім беру сапасын тәуелсіз ұлттық бағалаудың кешенді жүйесі қалыптасады (Ибрагимова, 2018)²².

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі педагог

Елдегі мектепке дейінгі білімді әрі қарай дамыту жөніндегі атап көрсетілген шараларды ортақ мақсатқа біріккен, балабақшаның миссиясын түсінетін және бөлісе алатын жоғары білікті педагогтердің біртұтас командасы ғана атқара алады.

Қазіргі кезде педагогтердің мектепке дейінгі мекемелерден кетіп жатқаны байқалады. Еңбекақының төмендігі және жүктеменің көптігі мектепке дейінгі педагог мамандығын тартымсыз етіп тұр.

Негізгі міндет – педагогтердің жоғары қоғамдық, кәсіби мәртебесін қалыптастыру үшін мемлекеттік кепілдік түзу. Ең алдымен, еңбекақы жүйесін өзгерту керек, ол елдегі орташа жалақыға сәйкес болады. Бұл ретте мектепке дейінгі мекеме басшысы мен тәрбиешілер жалақысы арасындағы заңдық тұрғыда бекітілген арасалмақты өзгерту қажет. Ерте білім беру жүйесіндегі білікті жас мамандарды ынталандыру, тарту және орнықтыру үшін оларға өздері жұмыс істейтін мекемеге балаларын орналастыру мүмкіндігін берген дұрыс.

Қазір біздегі балабақшаларда бір тәрбиешіге 20–25 баладан келеді, ал ЭЫДҰ елдеріндегі қатынас – 1:12. Педагог жүктемесін төмендету үшін кезен-кезенмен ЭЫДҰ ұстанымы еңгізілуі қарастырылады.

Бала күтуші міндетін балалардың жас деңгейіне сай ерекшеліктері және олармен қарым-қатынас мәселелері бойынша тиісті дайындығы бар мамандар атқарады. Бұл кадрлар техникалық және кәсіптік білім мекемелерінде дайындалады. Жұмыс істеп жүрген қызметкерлер қосымша оқиды.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың саны артуына байланысты балабақшалардың инклюзивтік топтарында штаттық кестеге педагог ассистенті лауазымы қосылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың және әдістемелік сүйемелдеудің үздік тәжірибелерін тарату үшін мектепке дейінгі мекемелер базасында құзырет орталықтары, ал әдістемелік кабинеттер жанынан мобильдік топтар құрылады. Олардың міндеті – нақты мәселелер және оларды шешу жолдары айқындалған кезде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Педагогтердің үздіксіз кәсіби даму мәселесін шешу бағытында кешенді қадамдар жасалып жатыр. Біліктілік талаптарына сәйкестік аттестациясында педагогтердің жетістіктері ескеріледі.

Педагогтердің тәжірибелік жұмыстары да жетілдіріледі. Оларға балаларды тәрбиелеу мен оқытудың өзекті мәселелері, балалар аурулары мен инфекциялық ауру түрлері, дұрыс тамақтану және т.б. бойынша тәжірибе алмасып, біліктіліктерін көтеруге мүмкіндік беріледі.

²² Г.К. Ибрагимова. 2018. Қазақстандағы өңірлік мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау. №3 Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы (75)

Педагогтік командада өз білімін жетілдіру, өзара оқыту, тәжірибеден өту, менторлық және басқа да формалар педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының бөлшегіне айналады.

Мектепке дейінгі білім беретін педагогтерді дайындау олардың кәсіби стандарттарына сәйкес іске асырылады. Біліктілік сертификаты жоқ педагог балалармен жұмыс істеуге жіберілмейді.

Түлектерінің 40 және одан көп пайызы сертификаттаудан өтпеген жағдайда, педагогикалық колледжер мен ЖОО-ға шаралар қолданылады, тіпті лицензиясынан айырылуы да мүмкін.

«Болашақ» халықаралық шәкіртақысының басым бағыттары тізіміне балаларды ерте бастан саласының мамандары енеді.

Ата-аналармен қарым-қатынас

Ата-аналармен күнделікті әңгімелесу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту – мектепке дейінгі мекеме ұжымының басты міндеті.

Балабақшалар базасында медициналық мекемелермен бірге ата-аналарға арналған курстар, балаларды тәрбиелеу, тамақтандыру және олардың денсаулығы сияқты мәселелер бойынша онлайн, офлайн-кеңестер, сарапшылармен кездесулер ұйымдастырылады.

Мемлекет балалардың бастапқы дамуы (күтім, бос уақыт, балалар ауруларын ерте анықтау т.б.) мәселелерін насихаттау үшін телевизияда, радиода және интернет-ресурстарда мемлекеттік тапсырыстар орналастыруды жоспарлап отыр.

Балалармен жұмысты ата-анасымен және айналасымен өзара байланыста жүргізу, баланың әлеуметтік жағдайын, ерекшелігі мен қажеттіліктерін білу өте маңызды. Әрбір ата-ана тәрбиешімен үнемі байланысты болуға ұмтылуы керек.

Ата-аналарды баланы дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестеріне тарту оларды мектепке дейінгі мекемелердің қызметіне араластыру, тәрбиеленушілердің отбасыларымен серіктестік орнату, қарым-қатынасқа қолайлы атмосфера құру, тәрбиеленушілерді, ата-аналар мен мұғалімдерді өзара қолдау.



Әр мектеп – үздік мектеп

Бірінші индустриалды революция жаппай мектеп құрды. Екінші өнеркәсіптік революция кезеңінде сынып-сабақ жүйесі жетілдірілді. Үшіншісі орта білімнің массивикациясын тудырды. Төртінші ерекшелігі оқытуды жекешелендіру болды²³.

Мектеп – балалар білім алып, оқуын тәмамдаған соң аттестат беретін мекеме ғана емес, бүгінгі мектеп – жергілікті қауымдастықпен, ата-анамен, қоғамдық бірлестіктермен, қосымша білім беретін мекемелермен, бизнес және өзге де құрылымдармен ықпалдастық орнататын орын. Сондай-ақ, мектеп:

- білім алушылардың әлеуметтік, физикалық, моральдық, эмоциялық, интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді;
- балалар дүниетанымының тұтастығын, сыни ойлауын, өзіне талдау жасап, өзін-өзі бағалау қабілетін, қайтпас-қайсар мінезін, шығармашылық әлеуетін, әлеуметтік-мәдени санасын, танымдық қабілеттерін, білім алуын қамтамасыз етеді;
- білім алушының жасына байланысты жағымды әсер етеді, мектепте болсын, үйде және өзге де қоғамдық жерлерде болсын оқуға ынтасын арттыратын, дамуға оңтайлы орта қалыптастырады.

Қазақстанда алға қойған мақсаттар мен принциптерге берік болып, жүйелі түрде және рет-ретімен сапалы білім беруге қолжеткізілгенін көрсететін сәтті үлгілер бар. Назарбаев зияткерлік мектептері, Білім-инновация лицейлері, республикалық физика-математикалық мектептер, «Дарын» облыстық мектептері біздің балалар мемлекеттік және халықаралық деңгейде айтарлықтай зор жетістіктерге жете алатынын дәлелдеді («Дарын» РҒПО)²⁴.

Қазақстанның және дүниежүзінің мектептерге сәтті білім беру саясатын енгізген негізгі принциптер:

- мектептердің дербес болуы және ұстаздарға академиялық еркіндіктің берілуі;
- сенім мәдениеті мен академиялық адалдықтың ілгерілеуі;
- педагогтерді жұмысқа қабылдау, дамыту және мансап баспалдағымен сатылай және деңгейлес негізде жоғарылату барысында меритократия принциптерінің сақталуы;
- педагогикалық әріптестік пен әр баланың зор жетістікке жетуі жолында ұжымдық жауапкершіліктің болуы.

Қазақстанның заманауи білім беру жүйесінің өте маңызды мақсаттарының бірі – әлеуметтік немесе экономикалық жағдайына және тұрғылықты мекеніне қарамастан, балалардың барлығына бірдей мүмкіндікті қамтамасыз ету. Мектептер ересек өмірге

²³ О. Томюк, М. Дьячкова, Н. Кириллова, А. Дудчик (2019). Цифровизация образовательной среды как фактор личностного и профессионального самоопределения обучающихся

²⁴ «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы <https://daryn.kz/>

қадам басатын түлектері үшін бірдей мүмкіндік жасап, бәсекелестік жағдайында өз артықшылықтары болатындай дағдыларды мейлінше меңгерте алуы керек.

Мемлекет білім беру ұйымдарының меншік түрі мен бағдарламалардың бағытына қарай алуан түрлі болғанын қолдайды.

Қазір Қазақстанда шартты түрде алғанда төрт түрлі меншік формасындағы мектептер бар: мемлекеттік мектептер, тек қана мемлекеттік жан басына шаққандағы қаржыландыруымен қызмет ететін жекеменшік мектептер, мемлекеттің жан басына шаққандағы қаржыландыруымен және ата-аналар қаражаты есебінен қызмет ететін жекеменшік мектептер және ата-аналардың жеке қаржысынан жұмыс істейтін жекеменшік мектептер.

Мемлекет білім беру бағдарламаларының әртүрлі бағытында жұмыс істейтін мектептерді ынталандырады. Ол үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары құрамына кіретін міндетті сағаттардың саны мен вариативтік құрамдастардың түрлі бағыты белгіленеді.

Вариативтік құрамы бастауыш мектептен жоғары мектепке қарай ақырындап ұлғая түседі. Бұл мектептердің жеке бейіндік бағыты болуына мүмкіндік береді. Соның арқасында білімді ұйымдастыру ісінде алуан түрлі нұсқалар қалыптасып, берілетін білім, дағдылар мен білім алушылардың құзыреті артады, мектептер өз бағытына қарай дербестене түседі.

Ата-аналар мемлекет заңнамасына сәйкес балаларына сай келетін білім беру мекемесін таңдауға құқылы. Сонымен қатар, әртүрлі білім беру формаларын, соның ішінде бекітілген ереже аясында қашықтан және онлайн білім беру түрлерін дамыту үшін де іс-шаралар қабылданады.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық түзету шараларымен қамтамасыз етуге жеке секторды тарту жоспарланып отыр, бұл аталған қызметтерге қолжеткізуге мүмкіндік береді. Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады.

Оқу бағдарламалары, оқыту әдістері және білім берудің барлық деңгейі мен бағдарламаларындағы оқулықтар тәуелсіз әрі сыни ойлау, зерттеу дағдылары, ой-жүгірту мен дәлелдерді саралау, ойды анық жеткізу, материалды түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар алдын ала және білімнің толымсыз сипатына негізделген.

Әрбір ұстаз бен мектеп басшысы сапасы жоғары ғылыми-негізделген оқыту жүйесі қолжетімді және мансабының әр кезеңінде кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндік беретін жүйені пайдалана алады.

Білім берудегі, оқыту және басқарудағы академиялық дербестік «есеп беру мәдениетін» қалыптастыруды қажет етеді. Бұл – мұғалімдердің, директорлар мен басқарушы органдардың миссиясы мен ортақ мақсатын нақты, өзара ымырыластық негізінде келісілген және міндеттері түсінікті, сонымен қатар әріптестіктің бағыттары мен есептілікті қамти отырып жасақтау болып табылады.

Мемлекет жаңа мектеп салу және қазіргі бар мектептерді модернизациялау, білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жетілдіру мен заманауи цифрлық технологияларды ескере отырып білім беру ортасын жақсартуға қатысты жұмыстарын әрі қарай жалғастыра береді. Жергілікті қауымдастықтың, ата-аналардың, қоғам қайраткерлерінің, үкіметтік емес ұйымдардың, академиялық мекемелердің, бизнес пен бұқаралық ақпарат құралдарының өз еркімен елдегі білім беру жүйесін жетілдіру ісіне ат салысуына, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және балаларды дамытуға қатысты өзге де сұрақтардың шешімін табуға көмектеседі.

Қазіргі кезеңде және орташа шұғыл перспективада білім беру ұйымы мен қазақстандық педагогтердің кәсіби сапасын артыру ісі, жалпы алғанда бірінші кезекте қарастырылатын мәселе.

Мектеп білімі саласында жалпыұлттық мақсаттарды бекіту қажет, олар:

- оқушылардың базалық білімінің жалпы деңгейін арттыру;
- дағдыларды (нақтылар болсақ, алған білімді, шығармашылық және сыни ойлауды, сұрақ қоя білу қабілетін және қолда бар деректерді талдауды іс жүзінде қолдану) және функционалдық сауаттылықты дамыту;
- мектеп білімі аясында ұлттық бірегейлікті жүзеге асыру, бұл қазақ тілін білу, мәдени шараларға қатысу, Қазақстанның мәдени, тарихи және интеллектуалдық мұрасын меңгеру мен қамқор болу, құрмет көрсету, қонақжайлық секілді ұлттық құндылықтарды сақтаудан көрінеді;
- Қазақстанның дүниежүзімен диалог орнатуы, бұл қазақ тілін білу, сонымен қатар орыс және шет тілдерінде еркін сөйлеп, халықаралық тәжірибені үйреніп, ғылыми, технологиялық және білім беретін ресурстарға қол жеткізе алуы арқылы жүзеге асады.

Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту үшін бірқатар нақты міндеттерді орындау қажет.

Сапалы біліммен қамтамасыз етудің маңызы айтпаса да түсінікті, алайда бұл түсінік контекске және көзқарасқа байланысты құбылуы мүмкін. Сондықтан, Қазақстан Республикасының заңнамасында білім беру саласындағы «сапалы білім» түсінігін құрамдас бөліктерімен қоса бірыңғай әрі нақты ұғым ретінде қалыптастырған жөн (Барбер, Муршед, 2012)²⁵.

Сапалы білімнің жан-жақты анықтамасына әр оқушыны дамытуға бағытталған жүйені тиімді басқару, білікті мамандар, оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, білім беру мазмұны, білім беру ортасы мен оқыту процесін ұйымдастыру сынды аспектілер кіреді және кіруі тиіс.

Білім беру жүйесіне түгелдей сәтті тәжірибелерді тарату үшін Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін (БСБҰЖ) әрі қарай дамыту керек. Ондағы бағалаудың қолданыстағы тетіктерін жүйелеу және оны жақсартудың тиімді әдістерін анықтау қажет.

Барлық деңгейдегі білім беру қызметтерінің сапасын бағалайтын ортақ тәсіл болуы маңызды, ішкі және сыртқы бағалау арасындағы айырмашылықты қысқарту, білім беру процесері мен балалардың әлеуметтік дамуын интеграциялау қажет. Ол үшін білім беру процесінің барлық қатысушысы ортақ мақсат – адам әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігінің арттыруға қолжеткізу үшін жұмыла әрекет етуі қажет.

Дереккөз, қолданыс аясы және бағалау мақсатына қарай БСБҰЖ құрылымдық элементтеріне ішкі, сыртқы және халықаралық бағалау жатады.

Ішкі бағалауды оқушылармен тікелей байланысы бар педагогтер жүргізеді. Ішкі бағалаудың міндеті – мұғалім әр оқушының жетістігін білім беру бағдарламасының спецификациясы контекстінде түсінуі керек. Ішкі бағалаудың анықтығы мен объективтілігін арттыру үшін, критериялды бағалау жүйесі енгізіліп, педагогтер қауымдастығында оң бағаланды. Оны жүйелеу мен әрі қарай дамыту процесі жалғасады. Сыныпта бағалау объективті және сапалы жүруі үшін бірыңғай тәсілдер жасақталып, олар мұғалімдер-

²⁵ М.Барбер., М.Муршед (2012). Создавая будущее: как хорошие образовательные системы могут стать еще более эффективными в следующем десятилетии.

ге арналған нұсқаулық пен талаптар жиынтығы болады (Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА зерттеулерінің нәтижелері, 2023)²⁶.

Мектептерде қорытынды аттестация өткізу сапасын бақылауды күшейту қажет. Сырттан бекіту талабы қойылмауына байланысты «Алтын белгі», яғни жоғары баға алған түлектер санының жасанды түрде көбеюі бұл тәжірибенің объективті еместігін айқындайды. Білім берудің барлық деңгейінде академиялық адалдық саясатын жасақтап, бекіту қажет. Оқушылардың, педагогтер, білім беру мекемелері әкімшілігі және процестің өзге де қатысушыларының адалдық саясаты бұзылған жағдайдағы жауапкершілігін анықтау керек.

Электронды журнал арқылы жиналған деректер негізінде, «ақылды талдау» қағидасын қолдану арқылы ағымдағы бағалау туралы есеп берудің көп деңгейлі жүйесін жасақтау қажет. Бұл нақты уақыт режимінде түрлі деңгейдегі білім сапасы прогресін бақылауға, мектептің ішкі есебі мен сыртқы тәуелсіз бағалауды салыстыруға, заңдылықтарды анықтап, осы деректер негізінде білім берудің әрі қарайғы саясатын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сыртқы бағалау – оқушылардың білімі мен дағдыларына мектепке қатысы жоқ, тәуелсіз ұйымдардың беретін бағасы. Мақсаты – түрлі білім беру ұйымдарының оқытудағы нәтижелерін объективті және салыстырмалы түрде бағалау, олардың жалпы мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету.

Оқушылардың білім алудағы жетістіктерін мониторингілеуді (ОБЖМ) Үкімет анықтайтын ұлттық үйлестіруші тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, жаңа форматта жүргізеді. ОБЖМ нәтижесі бойынша төмен, орташа және жоғары нәтиже көрсеткен мектептер анықталып, нақты бағытталатын қолдау шаралары қабылданады.

Нәтижесі төмен мектептерге жағдайды түзеу үшін түбегейлі шаралар қолдану қажет болады. Соңдықтан, оларға білім сапасын арттыруға 1 жылдан 3 жылға дейінгі аралықта уақыт беріледі. Мұндай мектептің педагогтері пәні, әдіснама мен оқыту технологиясы, балалар психологиясы мен жас айырмашалықтарына қарай ерекшеліктерін білуі бойынша тестілеуден өтеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің сабақтарына қатысу мен анкеталау ұйымдастырылады. Бұл шаралар мұғалімдер ұжымында біліктілікті арттыру қажеттілігін анықтау үшін керек. Қайта жасалған ОБЖМ-дан кейін білім беру сапасы жақсармаса, мектеп әкімшілігі мен педагогтер ұжымына қатысты шаралар қолданылады. Мектептің қамқоршылар кеңесінің құрамы да толықтай өзгертіледі.

Халықаралық бағалау балаларымыздың, мұғалімдеріміздің және оқу орындарымыздың жетістіктерін өзге елдермен салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау ұлттық білім беру жүйесінің әлемдік стандарттарға сәйкестігін, сонымен қатар мықты және әлсіз тұстарын анықтау үшін маңызды.

Қазақстан әртүрлі халықаралық зерттеулерге белсенді түрде қатысып келеді. Бұл білім беру жүйесінің деңгейін талдау мен даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуді ұйымдастырушылар тарапынан берілетін бастапқы талдау нәтижелерін алған соң, деректерді қайта талдау механизмдерін белсенді түрде жасақтау қажет. Талдауды оқушылар, мектеп пен аймақ деңгейіндегі айырмашылықты ескеруге мүмкіндік беретін түрлі әдіснамаларды қолдану арқылы жүргізуге болады.

Мұндай зерттеулер басқару шешімдерін қабылдауға қажетті неғұрлым сапалы болжау, интеллектуалдық өзара байланыстарды талдау, заңдылықтар мен құрылымдарды анықтауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

²⁶ Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА (2023). Жалпы білім беретін мектептердегі қолданыстағы критериалды бағалау жүйесін зерттеудің негізгі нәтижелері.

Бағалау түрінің әрқайсысында өз артықтықшылықтары мен шектеулері бар және олардың өзара әрекеттестігі оқушылардың дағдылары мен білімін объективті әрі саналы түрде бағалауға мүмкіндік береді. Осы орайда, бағалау түрлерін одан әрі жетілдіру мен кеңейтудің өзектілігі бар. Бағалаудың барлық түрінің нысаны тек оқушылар ғана емес, сонымен қатар педагогтер, білім беру мекемелері, басқару органдары болуға тиіс.

Білім беру сапасы туралы объективті ақпарат алу үшін, оқу процесі мен олардың талдауы бойынша статистика түзетін аймақтық қызметтерді дамыту қажет. Өңірлік деңгейде білім беру процестеріне мектептен тәуелсіз жасалатын мониторинг мәдениетін енгізген жөн. Мониторинг нәтижелері балалардың тоқсандық және жылдық бағасына әсер етпейді. Аймақтардың жыл сайынғы бюджетінде осы қызметке және мектептің халықаралық зерттеулердегі нәтижелеріне терең талдау жүргізуге қаржыландыру қарастырылуы қажет.

Сапаны тәуелсіз түрде қамтамасыз ететін механизм – аккредитациялық орган БСБҰЖ-ның маңызды бөлігі бола алады.

Дегенмен, елдің мәдени-әлеуметтік контексіне сай келетін стандарттар мен механизмдерді қамтитын ұлттық аккредитация жүйесінің әдіснамасын жасақтау маңызды аспекті саналады.

Мекеменің аккредитациядан өту ұзақтығы кемінде үш жыл болады, бұл уақыт аралығы сапалы талдау жүргізуге жеткілікті.

Оқу орындарын аккредитациядан өтуге ынталандыру үшін, аккредитацияланған мекеме дәрежесін алған жағдайда берілетін жан басына шаққандағы қаржыландыру коэффициенті жасақталады. Егер аккредитацияланған мектеп аттестация барысында білім берудің төменгі сапасын көрсетсе, аккредитация өткізген органды жауапкершілікке тарту шаралары қаралады.

Мұғалім баланы табысқа жетелейді

Заманауи мектептегі мұғалім – уақытты ұтымды пайдалана алатын, міндеттерді нақты анықтай білетін, кез келген мәселені шешудің оңтайлы жолдарын тез табатын, қоғамға қызмет ететін және осыған толық жауапкершілікпен қарайтын көшбасшы. Педагог – ең алдымен, бүкіл оқу процесінің мотиваторы, ол оқушыларға жаңа ақпаратты іздеуде бағыт-бағдар берумен қоса, оны қабылдау, өңдеу және игеру дағдыларын қалыптастыра білуі қажет. Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындардың жаңартылған білім беру бағдарламалары мектеп мұғалімдерінің осындай кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға негізделуге тиіс.

Педагогикалық білім беру саласы 4 бағыт бойынша дамиды:

- педагог кадрлардың қажеттілігін болжау. Педагог кадрлар тапшылығының алдын алу, болашақ мұғалімдерді кәсіптік бағдарлау бойынша аймақтар деңгейіндегі қажеттіліктерді болжау жүйесін құру;
- біртұтас білім беру кеңістігін құру. Оқытушы-профессорлар құрамының (ОПҚ) өзара әрекеттесуі арқылы педагогикалық жүйе шеңберінде интеграциялық процестерді жүзеге асыру, major/minor және double major бағдарламаларын, сондай-ақ шағын жинақты мектептерге арналған оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы білім беру бағдарламаларының құрылымын жетілдіру;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу қызметін бейіндеу және дамыту;

- ОПҚ кәсіби әл-ауқатын арттыру. «Болашақ» бағдарламасы аясында педагогикалық жоғары оқу орындардың ОПҚ тағылымдамадан өтуіне квота бөлу, оқыту профессорлық құрамды магистратурада мақсатты түрде даярлау.

Білім беру бағдарламалары «Педагог» кәсіптік стандартына толығымен сай болуы керек.

Педагогикалық колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

Қызмет етіп жүрген педагогтер қайта даярлау бағдарламалары арқылы сабақтас пәндер бойынша қосымша біліктілікті ала алады.

Студенттің негізгі мамандығымен бірге алатын жаңа minor-бағдарламалары мен микробіліктіліктер қазіргі заман талабына сай мұғалім даярлаудың ұзақ жолын қысқартады.

Педагог мамандығына басқа салалардың мамандарын тарту Жоғары оқу орындарындағы педагогті қайта даярлау (PGCE) бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Жинақталған ғылыми-әдістемелік әлеуетті ескере отырып, мұғалімдердің біліктілігін арттырудың инновациялық әдістерін енгізу мақсатында Назарбаев зияткерлік мектептері негізінде жаңа педагогикалық университет ашу жоспарланып отыр. Университеттің ғылыми-зерттеу бағыты дарынды педагогтердің жаңа легін қалыптастыру мен дамытудың негізгі орталығына айналады.

Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындары еліміздің мектептерімен байланысты нығайтуы қажет. Педагогикалық тәжірибемен жоғарғы ғана емес, бастапқы курс студенттерін де қамту маңызды. Курстық және дипломдық жобалардың жетекшілері болып ЖОО оқытушыларымен қатар, мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер де болғаны жөн.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығына дуалды оқыту элементтерінің енгізілуі студенттердің шынайы педагогикалық жұмысқа тез бейімделіп, дағдылануына ықпалын тигізеді. Педагог мамандығында оқитын жоғарғы курс студенттерінің өз мамандығы бойынша жұмысты ерте бастап кетуіне мүмкіндік туады.

Алдыңғы қатарлы мектептерде жүретін ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеуге студенттерді қатыстырудың маңызы зор. Жоғары оқу орындарындағы оқу процесіне шебер-мұғалімдерді, ең алдымен ұстаздық қызметте жоғары атақтар мен марапаттарға қол жеткізген тұлғаларды тарту қажет.

Өз кезегінде педагогикалық жоғары оқу орындары мектептерде кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруы керек. Педагогика саласына қызығушылығы бар дарынды оқушыларды анықтап, оларды педагог мамандығын таңдауға ынталандырып, өз университетіне оқуға түсуге мақсатты түрде дайындау қажет.

Қолданбалы талдаудың (ABA) және ерте диагностика әдістерінің (ADOS) үздік халықаралық тәжірибесіне сүйене отырып, педагогтерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге оқытудың заманауи үлгісі әзірленеді.

Маман даярлаудың сәйкес педагогикалық бағыттары бойынша бакалавр - магистратура - докторантура білім беру бағдарламаларында сабақтастық болуы қажет, ал құзыреттілік ұдайы ілгерілеуге тиіс.

Педагогикалық білім беру саласындағы докторлық бағдарламалар аясындағы зерттеулер докторанттарды тиісті білім беру мекемелеріне кемінде үш семестрге орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық жоғары оқу орындар мен колледждердің түлектерін міндетті түрде тәуелсіз сертификаттау педагогикалық құрамның сапасын арттыруға ықпал етуі тиіс.

Бұл олардың академиялық білімі мен кәсіби педагогикалық құзыреттілігін бағалаудың маңызды құралы болады. Мектепте жұмыс істеу құқығы осындай сертификат алғаннан кейін ғана берілуі керек.

Тәуелсіз сертификаттауды аккредитацияланған тәуелсіз ұйымдар жүргізеді.

Жоғары оқу орындарының маман даярлаудағы жауапкершілігін арттыру маңызды. Түлек сертификат ала алмаған жағдайда, ол талап етілетін деңгейге дейін жеткізілуі тиіс. Бұған қажетті қосымша шығынды ЖОО көтеруі қажет. Сонымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектерін сертификаттау нәтижелері университеттерге мемлекеттік білім гранттарын бөлу және лицензиялау кезінде ескерілуі керек.

«Педагог» кәсіби стандарты (ҚР ОМ 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы)²⁷ мұғалім еңбегін бағалауға, әділ еңбекақы төлеу, моральдық және материалдық ынталандыруға, педагогті сапа жағынан өсуге талпындыруға, оның даму процесін тиімді анықтау мен мұғалімнің кәсіби шеберлігінің нақты деңгейін бекітуге объективті негізі болуы қажет. Сондықтан ол аттестаттау рәсімінің межесіне айналады.

Мұғалімнің жұмысын аттестаттау нәтижелері оның шығармашылық дамуына түрткі болуы керек. Педагог еңбегін бағалау критерийлері қолданыстағы біліктілік санаттарының жүйесіне парапар енгізілуі тиіс: мұғалім, модератор-мұғалім, сарапшы-мұғалім, зерттеуші-мұғалім, шебер-мұғалім.

Құзырлы білім беру органына тәуелсіз мекеме базасында аттестация өткізу барысында педагогтердің біліктілігін тестілеу мәселесін сапалы ұйымдастыру қажет. Біліктілік тесті шара қолдану мен педагог қызметін бақылаудың қарапайым құралы болмай, оның даму процесін тиімді ашуы маңызды.

Тест нәтижелері бойынша кәсібиліктің педагогтерге қиындық туғызатын объективті тұстары анықталуы қажет.

Осы нәтижелер негізінде педагогтердің күрделі немесе осал тақырыптар бойынша білімін тереңдетуге, сондай-ақ олардың педагогикалық құзыреттілігін кеңейтуге бағытталған арнайы оқыту бағдарламалары әзірленеді, олар онлайн және офлайн форматта ұсынылады.

Аттестаттау нәтижелері педагогке қатысты кадрлық шешімдер қабылдауға ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби дамуын ынталандыруға және қолдауға негіз болады.

Мектеп ішінде де, үздік педагогтердің тәжірибесін таратуға арналған өңіраралық және ұлттық платформалар арқылы да тұрақты өзара әрекеттестіктің кең желісін енгізу арқылы педагогикалық кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Педагогтердің фрагменттік оқудан үздіксіз кәсіби дамуға көшуі негізгі шаралардың бірі болмақ. Бұл бастама аясында педагогтер өзін-өзі дамытуға, тағылымдамадан өту, тәлімгерлік ету, республикалық немесе халықаралық конференцияларға қатысу және мектеп ұжымдарымен бірлескен оқуға ынталандырылып, қолдау көрсетіледі.

Қазір әлемде мамандардың біліктілігін арттыруда ваучерлік-модульдік жүйені қолдану кеңінен таралған. 2006 жылы ваучерлік тәсіл идеясы ересектерге білім беру жүйесіндегі тиімді инновация ретінде Гарвард университетінің сыйлығына ие болды. Бұл тәжірибе Финляндияда, Ұлыбритания, Испания, Қытай, АҚШ, Литвада және Ресейде жолға қойылған. Оның аясында ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес педагог оқудың ұйымдастырылуы, мазмұны мен мерзімін таңдау мүмкіндігіне ие. Ол мемлекет белгілеген жан басына шаққандағы мөлшерлеме негізінде қаржыландырылады және белгілі бір ақша сомасымен қамтамасыз етілген жеке құжат (ваучер) түрінде беріледі.

²⁷ «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы» ҚР ОМ министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы

Ваучерлік жүйе мамандарға біліктілігін арттыру үшін білім беру мекемелерін таңдауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесін енгізу бастамасы 2011 жылдан бері талқыланып келеді. Бұл тәжірибе тез зерттеліп, кезең-кезеңімен қолданысқа енгізіледі.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі бойынша электронды база құрылады. Цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының бірыңғай тәсілін жүзеге асыру қажет.

Педагог мамандардың сапасын арттыруға септігін тигізетін тағы бір тетік – қазақстандық мұғалімдерді жұмыстан қол үзбей, магистратурада даярлау мүмкіндігі болмақ.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша педагог мамандықтарына арналған квоталарды ұлғайту ұсынылады.

Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашудың сәтті тәжірибесі педагог кадрларды даярлау саласында да қолданылуы мүмкін.

Орта білім беру мазмұны

Білім беру бағдарламасы мазмұн, қажеттіліктерді талдау, болжамды нәтижені, мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, жүзеге асыру және бағалау сияқты іс-әрекеттерді қамтитынын ескерсек, оны жетілдіру қалыпты процесс болып саналады. Сондықтан, оқу бағдарламалары мен оқулықтар әр 5–7 жыл сайын талдаулар негізінде қайта қаралатын болады. Тұрақты түрде қайта қарап отыру – қажетті әрі оң өзгерістердің кепілі, сондай-ақ уақыт талабына сай болудың тиімді әдісі. Бұл ретте типтік оқу бағдарламалары мен мектеп оқулықтарын қайта қарау сапалы білім беру мен оны дамытудың стратегиялық маңызды кезеңі саналады.

Типтік оқу бағдарламалары мен мектеп оқулықтарын қайта қарау қазақстандық контексті, дамудың ұлттық ерекшеліктерін, орта білім берудегі халықаралық үрдістерді терең түсінуді талап етеді. Бұл процесс оқушылардың фундаменталды академиялық білімін қалыптастыруға және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты әрі жоғары деңгейде пайдалануға ықпал ететін кешенді тәсіл құруды көздейді.

Білім беру халқымыздың рухани-адамгершілік құндылықтарын кіріктіру арқылы тәрбиелік әлеуетті нығайтуға бағытталады. Білім беру мазмұны Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында тілге тиек еткен Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасымен байытылады. Орта білімнің философиялық негізі Әбунасыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд әл-Қашғари, әл-Хорезми, Қожа Ахмет Ясауи сияқты басқа да ағартушы, ойшылдардың мәдени және рухани мұрасынан тұрады.

Білім беру мазмұнын жетілдіру аясында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің, қолданыстағы мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарының, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымдық негізі сақталады (ҚР ОМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)²⁸.

Білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарты білімге бағытталудан – адамға бағытталуға өзгереді. Егер бұрын білім берудің мақсаты – оқушыға білім, білік, дағды жиынтығын дарыту болған болса, қазіргі оқу бағдарламасының нысаны

²⁸ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқығудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ОМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

– баланың өзі және түрлі жағдайларда мәселені дербес түрде шеше алу қабілеті. Бұл тәсіл оқушылар дайындығының тәжірибелік-бағдарлы сипатта болуына жол ашады және алған білімін өмірде кездесетін әртүрлі тосын оқиғаларда, соның ішінде табиғи, техногенді және басқа да төтенше жағдайларда қолдана білуге бағыттайды.

Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндерді, тараулар мен тақырыптарды интеграциялау принципіне негізделеді. Осылайша, бастауыш білім беруде барлық пәндердің мазмұнында ортақ тақырыптар болады. Негізгі мектепте өзара горизонталды және вертикалды пәнаралық байланыстар қарастырылған. Жоғары мектепте бейіндік пәндері мен оқу бағдарламаларының мазмұнын кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Барлық деңгейдегі интеграция STEAM тәсілдеріне негізделеді.

Білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартына және оқу бағдарламасына өзгерістер енгізу барысында оқушылардың құзыреттіліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталған парадигмаларға баса назар аударыла отырып, білім берудің денсаулықты күту сипаты күшейтіледі. Оқу пәндерінің санын және оқытылатын теориялық материалдардың көлемін көбейтудің орнына пәндерді ұтымды біріктіру, оқу процесінің қарқынын арттыру, білім берудің заманауи технологиялары мен ресурстарын пайдалану шаралары қолданылады.

Білім берудің мазмұны мектеп түлегінің пәндік, нақты өмірдегі және басқа да маңызды жағдайлардағы біліктілігін қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларында оқушылардың ерте әлеуметтенуі мен кәсіптік бағдарлануына және орта мектеп деңгейінде бастапқы кәсіптік біліктілікті меңгеруіне мән беріледі.

Кәсіптік бағдар берудің ұлттық моделі кәсіби ақпарат пен кеңес беруге негізделеді. Орта білім беруде оқушыларға кәсіби бағдар берудің психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және басқа да аспектілерін қамтитын үздіксіз жүйе құрылады.

Кәсіптік бағдар беретін педагогтер ата-аналар мен оқушыларға мына мәселелер бойынша кеңес беруге тиіс:

- экономиканың аймақтық және ұлттық құрылымы мен даму перспективалары;
- мамандықтар атласына сәйкес, аймақтағы және елдегі сұранысқа ие мамандықтар;
- таңдаған бағыты бойынша колледждер мен ЖОО-ға түсу мүмкіндігі, грант түрлерінің қолжетімділігі.

Негізгі мектеп бағдарламасы кәсіпке дейінгі дайындыққа, колледждерде немесе жоғары сыныптарда үздіксіз білім алуға бағытталады. 10-11 сыныптарда кәсіпке мамандандырудың бастапқы машықтарын игеруге жағдай жасалады. Тұрғылықты жерінде колледждер бар жоғары сынып оқушылары жергілікті еңбек нарығындағы сұранысқа орай, сол білім ордаларында білім алады. Мектеп түлектерінің аттестатпен бірге, бастапқы мамандық жөнінде куәлік алып шығуы қарастырылады.

Қазақ тілін үйрену сапасын арттыру, сондай-ақ қазақша білмейтін балалардың тілді тез үйреніп кетуі үшін мектептерде оқу процесіне тәжірибе түрінде қазақ тіліне ерте жастан баулу бағдарламасы енгізіледі. Бағдарлама сынақтан өтіп, зияткерлік мектептерге енгізілді, оқулықтар мен оқу құралдары жазылды. Педагогтерді, мектеп әкімшілігі мен әдіскерлерді оқытудың нормативті және әдістемелік базасы құрылып, бүкіл процесс ғылыми-әдістемелік тұрғыда жүзеге асады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген оқу бағдарламалары 2024-2025 оқу жылында кезең-кезеңімен сынақтан өтеді, ал 2025-2026 жылдан бастап біртіндеп қолданысқа ене бастайды.

Мониторингтік зерттеулер білім беру бағдарламаларын іске асыру процесін жүйелі бақылау негізінде жүзеге асырылады. Оқу бағдарламаларын қолданысқа енгізуге дейін және кейін ұстаздар қауымымен кең ауқымды кеңес өтеді. Бұл оны әзірлеушілерге мәселенің мәнін түсінуге және өзгерістердің келесі айналымын қай бағытта жақсартуға болатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Қосымша білім алудың балалар өмірінде маңызы зор. Қосымша бағдарламалар балаларды жан-жақты дамытуды кезең-кезеңімен жүзеге асыратын жүйеленген оқу процесін ойластыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, бұл жүйені дамыту мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыты болып саналады.

Ең алдымен, қосымша білім беру арқылы білім тәжірибеде қолданылады, бұл пәндерді меңгеру сапасын арттыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, әртүрлі жобалармен жұмыс істеу баланың өз бетінше ізденуіне және білімін кеңейтуіне ықпал етеді.

Оқушылардың жетістігін есепке алу мен бағалаудың инновациялық түрі – оны қосымша білім арқылы негіздеудің тиімді жолын қарастыру болуы керек. Бұл мектептерде әрбір баланың таңдау курсының бағдарламасын, үйірме немесе секция жұмысын меңгеру деңгейін бағалау тетігін енгізуге және әрқайсысының жекелеген жетістіктерін аттестатпен бірге берілетін құзыреттілік картасына тіркей отырып, тұлғалық қасиеттерін бақылауға мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде балаларды қосымша біліммен қамту сандық жағынан ғана емес, сапалық тұрғыда да дұрыс болуы шарт.

Балалардың интеллектуалдық дамуына (мысалы, жоғары оқу орындары жанындағы жаздық мектептер) ықпал ететін бағыттарды анықтау және ұлғайту, бағдарламалардың мазмұнын байыту, әлеуметтік деңгейіне және тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық балаға бірдей қосымша білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, жан басына қаржыландыру арқылы қосымша білім берудің жеке секторын дамытуды қолдау қажет. Ауылдық жерлерде тиісті материалдық-техникалық базасы бар мектептерге қосымша білім беру және комьюнити-орталықтар ұйымдастыру мәртебесін беру керек.

Мектепті дамыту жоспары

Мектепке ұзақмерзімді жоспарлау мәдениетін енгізу қажет, оның маңызды бөлігі мектепті дамыту жоспары болады. Оған басқару жүйесін жетілдіру, мұғалімдерді мектепті басқаруға тарту, жұмыс тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін белгілеу шаралары кіреді. Жоспар сондай-ақ, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, инфрақұрылымды модернизациялау, жоғары сапада білім беру және оқыту, сондай-ақ мектеп пен қоғам арасындағы байланыс шараларын қарастыруы тиіс. Жергілікті қоғамдастық Даму жоспарын жүзеге асыруда мектепке көмектесуі қажет.

Мектептің даму жоспары мақсатты индикаторлардың кең жүйесін қамтуы шарт және даму деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін дәлелдерді жинау мен талдау арқылы білім ошағының өзін-өзі бағалауына ықпал етуі керек. Бұл басқару процестерінің жариялылығын арттыруға, өкілеттіліктер мен жауапкершіліктердің негізді болуына, сондай-ақ мектептің ішкі саясатын түзетуге мүмкіндік береді. Мектептің басымдықтары мен негізгі шаралар, стандарттарды жоғарылатуға бөлінетін және балалардың үлгерімі мен жетістіктерін қамтамасыз ететін ресурстар Жоспарда анық және түсінікті түрде көрсетілуі керек.

Мектеп басшылығы мен қызметкерлер дамуды жоспарлау және жүзеге асыру ісіне белсене қатысуы шарт. Директор өзгерістер көшбасшысы ретінде ұжымды біріктіреді және мектептің дамуына тікелей жауап береді.

Цифрлы трансформация

Мектеп жүйесіне демографиялық қысым күшейе береді. Сол себепті, технологияларды белсенді түрде көптеп енгізу қажет, бұл сапасы жоғары білім беру және жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін қолда бар ресурстар мен инфрақұрылым мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады.

Цифрлы технологияларды білім жүйесіне бейімдеу мен оқушыларға үйрету адам капиталын жылдам дамытып, инновациялық және ғылымға негізделген экономика негізін қалыптастырады.

Цифрландыруды кең көлемде жүргізген уақытта шалғай ауылдардағы оқушылар да оқу материалдарына қолжеткізіп, елдегі ең үздік ұстаздардың дәрісін тыңдай алады. Мұндай тәжірибе Ақтөбе облысында сынақ ретінде жүзеге асып жатыр. Оған мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес, білім және ғылым ұйымдары, жергілікті қауымдастықтар тартылған. Біз қоғамның мектептерге белсенді қолдау көрсеткенінің куәсі болып отырмыз.

Білім берудің цифрлық трансформациясы – бұл тек компьютерлік сыныптарды құру және Интернетке қосылу ғана емес, сонымен қатар оқу мақсаттары мен білім беру нәтижелерін нақтылау, мектеп жұмысының жаңа үлгілерін қалыптастыру және тарату, оқыту тәжірибесін жаңарту, ұжымда тиісті атмосфераны құру, мұғалімдерге оқытудың жаңа әдістері мен тәжірибесін меңгеруге көмектесу.

Цифрландыру арқылы білім беру кеңістігі ұлғая түседі. Цифрлы оқулықтар мен әдістемелік материалдардың көлемі артады, бейімдеу механизмдері мен цифрлы орта қалыптасады. Оларға кез келген уақытта және елдің әрбір түкпірінен қолжеткізуге болады. Білім беру форматтары мен материалдарын оқушының білімді меңгеру дәрежесіне қарай түрлендіруге мүмкіндігі оқу-тәрбие ісінде кеңінен пайдаланылады.

Ол үшін цифрлы білім берудің келесі міндеттерін кешенді түрде шешу қажет.

Бірінші. Мектептердің бәрін жылдамдығы жоғары, халықаралық талаптарға сай интернетпен қамтамасыз ету. Бұл ретте интернет елді мекенге тартылып қана қоймай, мектепке дейін жеткізілуі керек және мектепте ішкі желі қосылуы қажет.

Екінші. Мектептер оқушылардың қажеттігін толық өтейтін интерактив құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуге тиіс. «Ақтөбе облысында цифрлы технологияның көмегімен шағын ауыл мектебінің мүмкіндігін толық ашу» жобасы аясында әр мектептің ерекшелігіне қарай интерактив құрал-жабдықтар мен интернет жылдамдығы қандай болу керектігі анықталып жатыр.

Үшінші. Мектептердің барлығы сапалы цифрлы интерактив білім беру контенті бар платформаларға қосылуы шарт. Оларда мектеп ісі толық цифрландырылуы қажет. Бұл ретте цифрлы контент тиісті сараптамадан өтуі керек. Цифрлы ресурстарға қойылатын талаптарға өзгерістер енеді. Мектеп бюджетінде ұстаздар мен оқушылар тегін қосылуы үшін цифрлы білім беру ресурстарына жазылуға қажетті қаражат болуға тиіс.

Төртінші. Білім беру мақсаттары мен білім нәтижесін нақтылау қажет; жаңа педагогикалық құралдар дайындау; цифрлық технологиялар қолданылатын педагогикалық тәжірибені зерттеу нәтижелері базасында жаңалау.

Бесінші. Ұстаздарымыздың бәрі цифрлы тәжірибе қалыптастыру бойынша оқып, өз білімі мен білім беру әдістерін үнемі толықтырып отыруы керек.

Алтыншы. Білім беру ісін мемлекеттік басқарудың ақпараттық жүйесіне қосып, ата-анамен кері байланыс орнату, сол арқылы сабақтағы жетістіктер, оқылатын материалдар ауқымы, әр пәнде тақырып таңдау, ұстаз мәліметі туралы ақпарат беріп отыру қажет



ТЖКБ - жұмысшы кадрларды дайындау ордасы

Технологиялық прогресті дамыту перспективаларын, экономиканың жаһандануын, жүйенің дағдарысқа түсу қаупін, тұрақтылық пен экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз етудің маңызын ескере отырып, кадр даярлау жүйесі алдыңғы шепте болуы керек, еңбек нарығының құрылымы мен мазмұнына дәл қазір не қажет екенін біліп, оны және болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандырып отыруға тиіс.

Бүгінде әлемнің жаһандық және ұлттық бейнесіне тән ерекшелік – жұмысшылардың кәсіби біліктілігі мен дағдыларына жаңа талап қоятын технологиялық революция, адамның еңбек белсенділігі мерзімін арттыру және алдағы 5 жылдықта жыл сайын 400 мыңға жуық жасты еңбек нарығына шығару²⁹.

Ол үшін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту керек. Колледждер алдағы уақытта:

- қазіргі қарапайым экономика және жаңа білім экономикасы үшін жұмысшы кадрлар даярлайтын негізгі орталыққа;
- аймақтардағы еңбек нарығының өзгеріп жатқан құрылымын ескере отырып, қажетті дағдылар мен қабілеттер қалыптастыруды көздейтін біліктілікті арттыру және қайта оқыту орталықтарына;
- стартаптар мен бизнес-идеяларды, әлеуметтік лифтті іске асыруға арналған алаңға айналады.

Мемлекет еңбек нарығында бағыт-бағдарын айқындай алмай жүрген жастарға қолдау көрсетеді. Алғашқы мамандығын алуға қол ұшын созумен қатар, еңбек нарығында сұранысқа ие екінші мамандығын тегін алуын да қамтамасыз етеді.

Тегін онлайн-курстар еңбек жолы табысты болу үшін үнемі біліктілікті арттырып отыруға, қайта дайындықтан өтуге мүмкіндік береді.

Тәжірибеден және тағылымдамадан өткен кезең еңбек өтіліне қосылады (ҚР ЕК 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ).³⁰

Жастарды, соның ішінде оқып жүргендерді жүйелі түрде қолдап отыру үшін жеңілдікпен несие беру, жастар кәсіпкерлігі мен стартаптарды ынталандыру мақсатында шағын несиелер мен гранттар ұсыну ауқымы кеңі түседі. Сонымен бірге оқып жүріп, әлеуметтік жобаларды (әлеуметтік кәсіпкерлік) жүзеге асыратын жастарға қайтарымсыз гранттар беріледі.

²⁹ 2028 жылға дейінгі еңбек нарығын дамыту туралы кешенді жоспар.

³⁰ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

Ерекше қажеттіліктері бар шәкірттердің жеке мүмкіндіктері мен мұқтажы ескеріле отырып, заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие мамандық алуы үшін механизмдер жасақтау жоспарланған.

Мемлекет жастардың жұмысқа орналасуына мейлінше көбірек мүмкіндік беру мақсатында аймақтағы экономика құрылымын ескеретін жаңа жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасайды.

Сапалы білім алуға, әртүрлі ұйымдар мен кәсіпорындарда, оның ішінде шетелде тәжірибеден өтіп, қажетті дағдыларды иеленуге мүмкіндіктер ұсыну мақсатында жастарға арналған алмасу бағдарламалары іске асырылады.

Жұмыс берушілердің жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін өтінімдері бойынша ТЖКБ-да бір білім беру бағдарламасы шеңберінде 2-3 мамандық алып шығатын кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс артады.

Осы шаралардың бәрі жастарды сапалы біліммен кең қамтуға мүмкіндік беріп, елімізде жұмыссыз жүрген және NEET жастар азаяды.

Оқу мазмұны – сапалы кадр дайындаудың негізі

Қазіргі уақытта ТЖКБ жүйесі 1 жылдан 4 жылға дейін оқыту мерзіміне байланған қатаң регламенттегі типтік бағдарламалардан бас тартты. Колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейтін, олардың мазмұны мен оқу мерзімдерін анықтайтын академиялық дербестікке ие болды.

Кадр дайындау мен қайта дайындау жұмыс берушілердің салалық қауымдастықтары әзірлеген кәсіптік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Салалық мемлекеттік органдар қауымдастықтармен бірлесіп, кәсіптік стандарттарды жүйелі түрде жандандырып отырса, колледждер әлеуметтік әріптестермен бірлесіп, білім беру бағдарламаларына тиісті түзетулер енгізіп отырады.

Білім беруге арналған мемлекеттік тапсырыс кәсіптік стандарттарды басшылыққа алып, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын колледждерде орналастыратын болады.

Білім беру бағдарламаларының басты ерекшелігі – олар жастарды өзгерістерге дайын болуға үйрететіндей икемді келеді.

Білім беру бағдарламаларының тізілімі ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық біліктілік жүйесі әзірленіп жатқан цифрлық платформада орналастырылады. Ақпарат жұмыс берушілер мен мамандық алғысы келетіндер үшін пайдалы.

Сұранысқа ие дағдыларды қысқа уақытта меңгеруге мүмкіндік беретін модульдік-құзыреттілік әдісті енгізу бойынша жұмыс ары қарай жалғасады. Мамандық бойынша бір модульді немесе микробіліктілік формасында белгілі бір оқу нәтижелерін меңгеруге, сертификаттаудан өтуге және жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріледі. Болашақта жастар оқу мен микробіліктілік нәтижелерін жинақтай отырып, басқа модульдер бойынша оқуды жалғастыра алады.

Бұл әдістің институттық негізі білім берудің балама формасын, соның ішінде тәуелсіз сертификаттау жүргізе отырып, бейресми және ақпараттық оқыту нәтижелерін мойындайтын ҚР «Кәсіптік біліктілік туралы» Заңында қарастырылған (2023 жылғы 4 шілдедегі о № 14-VIII ҚРЗ)³¹.

³¹ «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ

Қызмет барысында инновациялар мен ІТ шешімдерді пайдалануға қабілетті білікті мамандарды даярлауда маңызды рөл атқаратын білім беруді цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Онлайн-оқытуды енгізу колледждердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, мобильділік пен жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, ал студенттерге жұмыс орнында оқу арқылы уақыт пен шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

ТЖКБ жүйесін дамытудағы инновациялық қадамдар

Студенттер мен педагогтердің академиялық мобильділігі (ауыл - қала, өңір - өңір, халықаралық), сондай-ақ жетекші колледждер мен құзыретті орталықтар базасында студенттерді практикалық оқытуды көздейтін оқытудың желілік әдістері кеңінен қолданылады.

Практикалық оқыту мәселелерін шешу үшін экономикамыздың ерекшеліктерін ескере отырып, дуальді оқытуды енгізу бойынша жұмыс жандандырылады және оны колледждердің практикасына кеңінен енгізу жөнінде шара қабылданады. Колледждер шағын кәсіпорындар құрады, соның арқасында нақты тәжірибеге қатысатын студенттерді еңбекақымен қамтуға мүмкіндік туады. Бұл қызметке «Жас Маман» жобасы бойынша жабдықтарын жаңартқан 180 колледждің қолы жетіп отыр (ҚР БжҒМ 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығы)³².

Колледждерде кәсіпкерлік дағдыларды қолдауға, жеке бизнесін ашуға арналған студенттік бизнес-инкубаторлар құрылады. Бұл инкубаторлар әлеуметтік серіктестермен бірлесіп жұмыс істейді және студенттердің бизнес-идеялары мен стартаптарын жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Ауылдық аймақтарды жетілдіру, «ауыл кәсіптерінің» кадрлық әлеуетін қалыптастыру және ауыл жастарын қолдау мақсатында мобильді оқу орталықтарының («көшпелі оқыту») жұмысы жолға қойылады. Бұл орталықтар ауылдық жерлерде тұратын адамдарды қысқа мерзімді курста оқытып, даярлайды. Ал кәсіптік дағдыларды үйрететін колледждері жоқ елді мекендерде 10-11 сынып оқушыларын оқытатын болады.

Колледждерді инвентарлаудан өтіп, оларды бейіндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл салалық оқу орындарында барлық академиялық және өндірістік қуаттарды шоғырландыруға және барынша назарға алуға мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлердегі шағын колледждерді жетекші колледждермен біріктіру, әлеуметтік серіктестермен бірлесіп аграрлық салада заманауи оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындар құру жоспарланып отыр. Сондай-ақ, осы саладағы мемлекеттік тапсырыстарды ынталандыру және ірі кәсіпорындар мен колледждер арасындағы серіктестікті қолдау да жоспарда бар.

Өңір мен сала кәсіпорындарындағы үздік тәжірибелерді қалыптастыру, кәсіби модульдердің мазмұнын байытуға арналған база ретінде колледждерде салалық құзырет орталықтарын дамытуға бағытталған жұмыстар жалғасады. Құзырет орталықтарында азаматтар біліктілік алып, біліктілігін арттырып, бейресми оқиды және дағдыларын дамыта алады. Олардың алған құзыреттерін біліктілікті тану орталықтары растайды. Мұндай құзырет орталықтары бар колледждер кәсіпорындардың жұмыс істеп жүрген қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау салалық орталықтарының

³² «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БжҒМ 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығы

функцияларын атқара алады. Бұл тәсіл өмір бойы оқу принципіне сәйкес келеді. Мұндай колледждер үшін жан басына шаққандағы қаржыландырудың ынталандырушы коэффициенті көзделетін болады.

Колледж болашағының жарқын болуы кадрлық әлеуетін дамытуға тікелей байланысты. Кәсіби дайындық аясында ТЖКБ жүйесін білікті оқытушы-профессорлар құрамымен қамтамасыз ету үшін ЖОО студенттеріне тіпог-бағдарлама арқылы педагогикалық компонентті меңгеру мүмкіндігі беріледі.

Педагогтердің кәсіптік біліктілігін үздіксіз арттыру аясында біліктілікті арттыру курстарының форматы мен құрылымы қайта қарастырылатын болады. Мұнда негізінен тәжірибеге бағдарлану және өндірісте жүріп оқу мен кәсіпорындарда тағылымдамадан өту, тәлімгерлік және өзін-өзі тәрбиелеудің басқа да нысандары көбірек негізге алынады.

Тәжірибеге бағытталған кәсіптік даму бағдарламалары мұғалімнің мансапта сатылап өсуіне ықпал етеді. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың векторы кәсіби құзыреттіліктерден басқа цифрлық, инклюзивті, гибридік оқыту дағдыларын дамыту және жұмыс орнында оқытуды жетілдіру болады.

Оқытушылар мен колледж басшыларының құрамын сапалы ету мақсатында «мамандыққа көлденең кіру» (PGCE) (Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың тұжырымдамасы, 2023)³³ мүмкіндіктер қарастырылған, сол арқылы өндірістен арнайы пән оқытушылары мен шеберлерді тарту қарастырылады. Еңбек етуге тиісті жағдай жасау мен икемді жалақы жүйесі мамандыққа келіп, сонда қалыптасуды қамтамасыз етеді.

Кадрлық қамтамасыз етудің стратегиялық міндеттерін іске асыру үшін биылдан бастап «ТЖКБ ұйымдары басшыларының кадрлық резерві» жобасы жоспарланады. Жоба оқытушылар және экономика мен бизнестің басқа да салаларының өкілдері арасынан кандидаттарды іріктеуді, оқытуды және резервке алуды көздейді. Жұмыс болашақ басшылардың бойында колледжді тиімді басқаруға қажетті тұлғалық, кәсіби, басқарушылық, аналитикалық дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталады. Осының нәтижесінде кадрларды даярлау жүйесі мен кадрлық резервті жаңғыртуға қабілетті басшылардың кәсіби корпусы қалыптасады.

Аттестаттау форматында жалпы білім беретін пәндер мен арнайы пәндер оқытушыларының және өндірістік оқыту шеберлерінің ерекшеліктері ескеріледі. Біліктілікті бағалау сала бойынша мамандықтың ерекшелігі мен бейінін қарастыра отырып жүргізіледі.

Экономика секторларына кадр даярлаудың стратегиялық маңызын түсіне отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ТЖКБ департаменті, Комитетке айналады.

Сапаны қамтамасыз ету

Ішкі және сыртқы бағалауды кіріктіретін сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы енгізіледі. Ішкі бағалау колледжішілік бақылаудың бірыңғай әдістемесі мен механизмі арқылы, сонымен қатар жұмыс берушілердің тәуелсіз салалық бірлестіктері мен кәсіби қоғамдастықтарды тарта отырып, демо емтихандар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

³³ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>

Сыртқы бағалауды қамтамасыз ету үшін білім алушылар мен түлектердің кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін қолданыстағы ББЖМ механизмі қайта қарастырылады. Онда EQAVET (кәсіптік білім беру мен оқыту сапасын қамтамасыз ету жүйесі) (European Commission)³⁴ құралдары мен қағидалары ескеріледі.

Бітірушілердің оқу нәтижелерін біліктілікті тану орталықтарында тәуелсіз бағалау – сапаны қамтамасыз ету жүйесінің ажырамас элементі болады. Мемлекеттік аттестаттау міндетті болып қала береді.

Колледждердің кадр даярлауға қойылатын халықаралық талаптарға сәйкес ерікті салалық аккредитациялаудан, сондай-ақ халықаралық аккредитациядан өтуі білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін дамытудағы маңызды қадам болмақ.

Егер халықаралық аккредитация сәтті аяқталса және түлектердің жартысынан көбі халықаралық сертификаттаудан өтсе, бір студентке бөлінетін қаржы көлемін арттыратын ынталандыру төлемдері енгізіледі.

Аталған сапа көрсеткіштері ескеріле отырып, колледждерді саралау жүйесі енгізіледі.

³⁴ European Commission. The European Quality Assurance Reference Framework for Vocational Education and Training (EQAVET). [Онлайн ресурс] Доступно по ссылке: <https://ec.europa.eu/social/main.jsp?catId=1536&langId=en>



Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

Бүгінде ЖОО саласы цифрлық трансформацияның дамушы ықпалымен ұшырасып отыр. Бұдан көптеген мәселе туындап, өткірлене түсті – университеттер цифрлы білім беру нарығындағы жаңа ойыншылармен бәсекелес болуға мәжбүр.

Сонымен қатар, университет білімі тек қана оқыту мен бағалау жүйесі ретінде қарастырылмай, сондай-ақ «жанама білім», дәстүр, тәжірибелік жұмыс, ғылыми процестің құндылықтарын трансляциялау процесі болуы тиіс. ЖОО – ең алдымен, студент пен оқытушының бейресми сөйлесуі, әлеуметтік байланыстар құру мен бекіту кеңістігіне, негізінен әрі қарайғы өмірдің сапасына әсер етеді.

Қоғамдағы цифрлық трансформациялардың соншалықты қажеттілігіне қарамастан, ЖОО оқытушы мен студенттің бетпе-бет сөйлесу мүмкіндігін сақтауы, ғылым мен шығармашылыққа шабыттандыруы, оқуға ынталандыруы, жоғары адамгершілік және жоғары құзыреттілікке тәрбиелеудің ерекше атмосферасын ұсынуы қажет.

Адамның экономикалық белсенді қызметінің кезеңі 35-40 жастан 50-60 жасқа дейін ұлғайғанын атап өту керек, соған орай өмір бойы білім алуға деген қажеттілік те артады, бейресми білім берудің маңыздылығы да жоғарылайды (Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамасы, 2023)³⁵.

Жоғары оқу орындары жүйесін трансформациялау талап етіледі. Бұл ретте басты назар еңбек нарығының талаптарына бағдарланған білім беру мазмұнын өзгертуге, техникалық қайта жарақтандыруға ғана емес, сонымен қатар бүкіл мүдделі тараптарды белсенді түрде қамтуға да аударылуы қажет.

Адами капиталды қалыптастыру тұрғысынан университеттердің басты функциялары:

- инновациялардың, технологиялық прогресс пен ғылымның дамуын ескере отырып, жоғары білім алған және жоғары оқу орнынан кейін де білімін толықтырған кадрлар даярлау;
- экономика құрылымындағы өзгерістерді ескере отырып, жұмыс істейтін мамандардың жаңа дағдылар мен құзыреттерде біліктілігін арттыру және кадрларды қайта даярлау;
- үшінші миссияны орындау: жұмыс берушілермен серіктестік, күміс университеттер, білім беру болады.

Соның нәтижесінде жоғары оқу орындары, технологияның ұжымдық трансферінің орталығы ретінде, ғылыми білімді жинақтау арқылы елдегі экономиканың қарапайым моделінен күрделі, жоғары технологиялық экономикаға көшуіне ықпал етуге тиіс.

³⁵ «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы

Білім беру мазмұнын өзгерту

Жоғары оқу орындары студенттер мен жұмыс істейтін адамдар қажет ететін кәсіби дағдыларды қысқа мерзімде игеруге, оқытудың жеке-дара бағдарын құруға және білімдегі олқылықтарды жоюға, азаматтардың қосымша білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін оқытудың жинақтаушы жүйесін іске асыруды бастады.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы аймақтық және салалық қажеттіліктерге, еңбек нарығының сұраныстары мен жаһандық өзгерістерге бейімделе бастады. Бакалавриатта оқу мерзімдерін регламенттеу қазірдің өзінде жойылды, енді академиялық кредиттің қажет көлемін игеру талап етіледі.

Бакалавриат бағдарламасы білім берудің тіпog және (немесе) микробіліктілік бағдарламалары арқылы дербес модульдер жиынтығы ретінде жасалады.

Студенттер тіпog-бағдарламалар арқылы өзара жақын салаларда қосымша міндеттерді немесе жеке сұраныстар бойынша тілдік, цифрлық және өзге де біліктіліктерді игере алады.

Микробіліктілік бағдарламасы студенттердің кәсіби стандарт бойынша (немесе тиісті мамандық аясында) жеке еңбек функциясын орындауына жеткілікті жаңа дағдылар мен біліктілікті игеруін қамтамасыз етеді.

Осындай бағдарламаларды аяқтаған соң студенттер Ұлттық біліктілік шеңберінің 4-5 деңгейі бойынша сертификаттаудан өтуге құқылы болады. Білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы оқудың 2-3 жылынан бастап біліктілік сертификаты бар студенттердің еңбек нарығына шығуына мүмкіндік береді.

Екінші оқу жылынан бастап кәсіптік практикадан өту міндетті болып саналады. Бакалавриат бағдарламаларының практикалық бағдарын күшейту кәсіби модульдерді оқытуға тәжірибелі практиктерді тарту арқылы да қамтамасыз етіледі. Бұл жерде кадр даярлауға қатысатын өнеркәсіп пен бизнестің жауапкершілігін күшейту қажет. Жоғары оқу орындары өндіріс пен ғылымға жасанды интеллект енгізуді ескере отырып, жаңа жұмыс орындарын құруға қабілетті кадрлар әзірлейді.

Студенттер оқудың 2 және 3-жылында қолданбалы бакалавриат дипломын алу үшін оқу нәтижелері бойынша жеткілікті көлемді меңгереді. Бұл кезде жоғары оқу орындары бағдарламасы бойынша жоғары колледждердің қолданбалы бакалавриат бағдарламаларына қолжетімділік сақталумен бірге, орта білімнен кейін білім алу әдістері кеңейтіледі. Сол себепті, азаматтарға қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын игеру бойынша екі модель ұсынылады: жоғары оқу орындарында және жоғары колледждерде білім алу.

Жұмыс берушілердің осы бағдарламалар бойынша оқыту нәтижелерін мойындауын заңнамалық тұрғыдан бекіту және еңбекақы төлеудің тарифтік торы мен Мамандық классификаторына өзгерістер енгізу қажет.

Жоғары оқу орындары оқытудың бірінші жылында – дағдыларды, ал зерттеу, цифрлық, тілдік және өзге де құзыреттіліктерді, кәсіби құзыреттіліктерді – 2-3 курста, қолданбалы зерттеу дағдыларын білім берудің соңғы жылында қалыптастыруды ескере отырып, білім беру бағдарламаларының құрылымын қайта қарауға тиіс.

Мұндай құрылым оқу нәтижелерін, сөзсіз, қайта кредиттеуді және колледж бітіргеннен кейін оқуға түскендерге ЖОО-да оқу мерзімін қысқартуды қамтамасыз ете отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламалары оңай үйлестіреді.

Жоғары білім күндізгі және онлайн нысандарда берілуі мүмкін. Бұл ретте жоғары оқу

орындары білім алу шекарасын кеңейте отырып, қашықтықтан білім беру технологияларын белсенді қолданады.

Студенттерге оқу нәтижелерін қайта кредиттей отырып, жаппай онлайн-білім беру курс (Coursera, EdX, Open University және т.б.) жүйелері арқылы жекелеген біліктілікті игеруге мүмкіндік беріледі.

Барлық студенттер үшін әлемдік кітапханалардың қолжетімді болуы тегін қамтамасыз етіледі және жоғары оқу орындарында цифрлық экожүйе кеңейтіледі.

Келешекте жоғары оқу орындарында бүкіл процестердің цифрландырылуын және студенттердің академиялық ізін ескеретін «smart-университеттер» моделіне көшу міндеті тұр (Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамасы, 2023)³⁶.

Цифрлық трансформациялау

Цифрлық технологиялар қазіргі әлемнің ажырамас бөлшегіне айналды және жоғары білім беруді сәтті жүзеге асыруда әлеуеті зор. Виртуалды және толықтырылған шынайылық, интерактивті платформалар мен жасанды интеллект тәсілдері арқылы симуляторларды оқу процесіне енгізу студенттерге теория мен тәжірибелік дағдыларды тиімдірек меңгеруге мүмкіндік береді.

Онлайн-білім беру – студенттерге сабақты өздеріне қолайлы уақытта және үйреншікті қарқында оқу мүмкіндігін берудің тиімді құралы. Онлайн-курстар, вебинарлар мен қашықтан оқудың басқа да формалары студенттерге түрлі елдердің жетекші мамандарынан білім алуға, сондай-ақ халықаралық деңгейде өзге студенттермен тәжірибе алмасып, әріптестік орнатуға мүмкіндік береді.

Жоғары білім саласында цифрлы трансформацияны сәтті жүзеге асыру үшін дәстүрлі оқу модельдерінен жобалық қызметке екпін қоя отырып, оқудың белсенді амалдарына көшу қажет. Жобалық оқу студенттерге алған білімін тәжірибеде қолдануға, шығармашылық ойлауды, топтық дағдыларды дамытуға және күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, ал бұл заманға сай инженер үшін басты қасиеттер саналады.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету

«Кәсіптік біліктілік туралы» ҚР Заңын (2023 жылғы 4 шілдедегі о № 14-VIII ҚРЗ)³⁷ қабылданған соң реттелетін кәсіптер бойынша біліктілікті тану жүйелендірілді, бұл жоғары оқу орындарының білім сапасы үшін жауапкершілігін күшейтеді. Реттелетін кәсіптер тізбесін жаңарту қажет.

Университеттер өз үлгісіндегі дипломдарды, сертификаттарды және куәліктерді, өз түлектерін аттестациялау нәтижелерін және біліктілігін арттыруды мойындау үшін толық жауапкершілік алуға тиіс.

Жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі 10 стандартпен

³⁶ «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000>

³⁷ «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/Z230000014/04.07.2023>

анықталады. Олар жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген (ENQA, 2015)³⁸. Жоғары оқу орындарының академиялық саясаты мен ғылыми зерттеулері академиялық адалдыққа негізделеді.

Халықаралық жетекші академиялық рейтингтік агенттіктермен (QS, THE) серіктестікте өткізілетін Жоғары оқу орындарының тәуелсіз ұлттық рейтингі жоғары білім сапасын бағалау құралдарының бірі болады.

Халықаралық аккредитациялау да, бүгінгідей, білім беру сапасын тәуелсіз бағалау болып қала береді.

Жоғары білім сапасы оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігі мен мотивациясына тікелей байланысты.

Жоғары оқу орнының оқытушысы мен ғалымның ерекше мәртебесі мойындалады. Жоғары оқу орындарына ғылыми жетістіктері жоғары, өндірістік тәжірибесі жеткілікті, білікті мамандарды тарту үшін оларды лайықты жалақымен қамтамасыз ету қажет.

Оқытушы-профессорлар құрамына еңбекақы төлеу жүйесі жоғары оқу орнының әділдік пен теңдік қағидаларына бейілділігін көрсетуге тиіс. Лауазымдарды жіктеудің нақты және ашық жүйесі жалақының өсуі нақты ғылыми нәтижелерге, біліктілік талаптарына байланысты болуы мүмкін еңбекақы төлеудің әділ жүйесін жасаудың маңызды шарты болып саналады.

Бұл жоғары оқу орындарына, қызметкерлердің тұрақтылығы мен сенімін сақтай отырып, қолданыстағы жүйе мен жоспарлы жаңартулар арасындағы алшақтықты жоюға мүмкіндік береді.

Талантты жастарды жоғары оқу орындарына оқытушылық қызметке және ғылыми жұмыстарға тарту үшін докторантура мен постдокторантурада ғылыми кадрларды даярлау жүйесі қайта қарастырылатын болады.

Докторанттар контингентін қалыптастыру өтініш берушілердің зерттеу дағдыларын бағалау негізінде және жоғары оқу орындарының ғылыми мектептерін есепке ала отырып жүзеге асырылатын болады. Зерттеу бағыттарының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ғылыми мектептерді қолдау механизмдері пысықталу үстінде.

Жас ғалымдар үшін шетелдік жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарда оқыту мен зерттеуге арналған бағдарламаларды жүзеге асыру, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді қаржыландыру жалғастырылатын болады.

Шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын құру саясаты жалғасады. Бұл отандық жоғары оқу орындарының дамуына және олардың институттық трансформациясына, білім беру бағдарламаларын үздік тәжірибелер мен ғылыми зерттеулер арқылы жақсартуға, оларды әлемдік стандарттарға жеткізуге ықпал етеді.

Шетелдік жоғары оқу орындары филиалдарының тәжірибесіне көңіл бөле отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде «зерттеуге бағдарланған білім беру» (ROS) тәсілі енгізіледі. Бұл, ең алдымен, жаратылыстану бағытындағы мұғалімдерді даярлауда қажет, өйткені зерттеуші-оқытушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарына өздері де қатысуға тиіс және студенттердің стандартты білім беру бағдарламаларының материалдарымен шектеліп қалмауын қадағалай отырып, оларды ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне зейін қоюға, зерттеу ортасына бағыттауы керек.

Ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерци-

³⁸ Еуропалық жоғары білім сапасына қамтамасыз еті қауымдастығы (2015). Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі (ESG) сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен ұсыныстары. https://www.enqa.eu/wp-content/uploads/filebase/esg/ESG%20in%20Russian_by%20NCPA.pdf. Брюссель, Бельгия.

яландыруға арналған грант аясында өндіріске енгізуге және нарыққа шығаруға дейін жеткізуіне мүмкіндік беріледі.

Ғылыми дамудың ашық моделіне көшу жүзеге асырылады, онда ғылыми ұйымдар мен бизнес шоғырланған зерттеу университеті негізгі элемент болып саналады, ал ол жас кадрлардың үздіксіз келуін қамтамасыз етеді.

Технологиялардың жылдам өзгеріп отыруы жоғары оқу орындарының ғылыми және материалдық-техникалық базасына қойылатын талаптарды арттырады. Мемлекеттік жоғары оқу орындарын инфрақұрылым тұрғысында дамытуға базалық қаржыландыру көзделуі қажет.

Еліміздің 20 жоғары оқу орнының базасында құрылатын Академиялық артықшылық орталықтары оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми-инновациялық белсенділігінің өсуін, кадрлар мен инновацияларға өңір экономикасының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын, біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарын сәйкестендіруді, эндаумент-қорлар құруды қамтамасыз етеді.

Елдің инновациялық дамуы үшін дарынды және креативті азаматтардың әлеуетін толық іске асыру мақсатында өңірлік университеттер барлық облыс орталықтарында нақты сектормен өзара тығыз әрекеттестікке бағытталған тұтас инновациялық экожүйе қалыптастырады.

Оқыту және тағылымдамалар бағдарламасында зерттеу құрылымын күшейте отырып, оны іске асыруда қазіргі заманның шындығы мен 30 жылдық тәжірибесі негізінде халықаралық «Болашақ» бағдарламасын трансформациялау, оған еңбек нарығын есепке алу, дарынды жастарға арналған квота, стипендия берілген сәттен бастап мансаптық сатысын әзірлеуді қамтитын өңірлерде дәлме-дәл жұмысқа орналастыру жөніндегі шаралар кешені кіреді.

Бағдарламаны іске асыру жылдарында шетелдік серіктестер пайда болды, олармен қаржыландыруда жеңілдіктер беру, сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орындарымен бірлесіп сплит-бағдарламаларды іске қосу (яғни жетекші шетелдік университеттердің академиялық бағдарламаларын оқшаулау) туралы стратегиялық келісімдер жасау бойынша келіссөздерді бастау қажет.

Халықаралық аккредитация ұлттық рейтинг, мемлекеттік тапсырысты орналастыру шарттары және тәуекелдерді басқару жүйесі білім беру сапасын бағалаудың негізгі механизмдеріне айналады.

Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік реттеу стационарлық модельден цифрлыққа ауысады. Тәуекел дәрежесін анықтау рәсімдері Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы арқылы толық автоматтандырылады. Соған орай мемлекеттік бақылау сапалы білім беретін жоғары оқу орындарына әкімшілік жүктемелерді азайта отырып, әлеуетті тәуекелі жоғары жоғары оқу орындарына ғана баса назар аударады.

Білім жүйесіндегі басқару тетіктері

Білім беру саласында соңғы 25 жылда мұндай қиын кезең ешқашан болмаған. Дегенмен, мәселе мен мүмкіндіктің қатар туатыны белгілі: бізде білім беруді түбегейлі өзгертуге арналған білім мен құралдар бар. Сондай-ақ, бұл білім беру мекемелеріндегі материалдық-техникалық базаны жөндеу мен жақсартуға ғана қатысты мәселе емес. Басқару мен бақылаудың көпсатылы жүйесінен икемді әрі қазіргі жағдайға тез бейімделетін түріне ауысуымыз қажет.

Нақты деректерге негізделген, жеке тұлғалардың мүддесіне жұмыс істемейтін басқару жүйесін енгізу маңызды. Жалпы, басқарудағы тұрақтылық пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін қоғамның мүддесі ескерілуге тиіс. Бұл мекемелердің жүйелі әрі тұрақты дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғам игілігі үшін қызмет етуге қабілетті құнды кадрларды ұстап қалуға септігін тигізеді.

Білім беру саласындағы саясат стратегиялық жоспарлау негізінде жүзеге асады. Жоспар сапалы болуы үшін білім беру ортасын жан-жақты зерттеп, үнемі талдап отыру қажет. Сондықтан білім беру ортасын жақсарту үшін қолжетімді деректер қоры бар ауқымды мониторинг жүйелерін әзірлеу қажет. Даму жоспарларын қайта қарауға негіз болатын білім беру ұйымдарының есептеріндегі деректердің тазалығын қамтамасыз ету қажет.

Басқару органдары қызметкерлерінің міндетіне жатпайтын функциялар бойынша білім беру мекемелерінің қызметіне «араласуын» азайту және олардың негізгі және қосымша функцияларының аражігін белгілеу үшін қажетті іс-шаралар қолданылатын болады. Бұл көпсатылы басқару мен бақылау, жоғарыдан төменге жіберілетін бюрократия, сондай-ақ басшылық нұсқауларының көлемі мен олардың орындалуын бақылау нәтижесі ретінде «үлкен көлемді есеп беру» қысымын төмендетуге ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, білім беру мекемелерінің ұйымдық-құқықтық формасына қатысты мәселелерге көңіл бөлген абзал. Қазірде экономиканың барлық саласында пайдаланылатын жалпы заңнамалық тәсілдер жиі қолданылады да, көбінесе Кәсіпкерлік кодекстің аясында шешім табады. Дегенмен, бұл тәсіл халыққа білім беру қызметтерін ұсынудағы ерекшеліктерге сәйкес келе бермейді.

Білім беру мекемелерінің ерекшеліктерін ескеріп, коммерциялық және шаруашылық белсенділікті шектемей, әлеуметтік бағдары бар білім беру қызметтерін икемді әрі тиімді түрде ұсынуға мүмкіндік беретін мамандандырылған ұйымдық-құқықтық формаларды әзірлеу мүмкіндігі қарастырылады.

Білім беру саласындағы коммерциялық және әлеуметтік қызметті экономиканың басқа салаларынан бөліп алу мәселесін қарастыруды жалғастыра отырып, мемлекеттік-жекеменшік серіктестікке тоқталған жөн. Қазақстанда

жекеменшік балабақшалардың салынып, іске қосылуы еліміздің барлық аймақтарында мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін айтарлықтай жақсартқан мектепке дейінгі білім берудің құнды тәжірибесі бар.

Білім беру саласындағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларын заңнамалық нормаларға бейімдеудің маңызын атап өткен жөн. Бұл мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру кезінде ескерілу қажет маңызды жағдай. Сондықтан мұндай жобаларды сәтті жүзеге асыру пайданы көздемеуге тиіс. Білім берудегі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік, ең алдымен, қоғамдық мүдде-мақсатқа бағытталған ынтымақтастық. Мемлекет пен жеке ұйымдар арасындағы серіктестік білім беру сапасын жақсартуға, қолжетімділікке және инновацияларды дамытуға ықпал етуі қажет. Жекеменшік серіктестердің қаржылық пайдасы білім берудің әлеуметтік мақсатына нұқсан келтірмеуге тиіс. Бұл жағдай мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті реттейтін заңдық нормалар мен ережелерде нақты көрсетілгені абзал.

Білім берудегі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобалары жеке серіктестеске қысқамерзімді пайда әкеліп қана қоймай, білім берудің қауіпсіздігі мен сапасын, сондай-ақ стандарттар мен нормалардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, ұзақмерзімді мүдделерге қызмет етуі керек.

Жеке инвестициялары бар білім беру инфрақұрылымын дамытудан басқа, білім беру бағдарламаларын бірлесіп құру, білім беру сапасын сыртқы бақылау және мониторингілеу, цифрлы технологияларды енгізу бағытында мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті қарастыру қажет. Бұл ретте педагогтерді оқытуға және ғылыми зерттеулер жүргізуге көңіл бөлген дұрыс. Жүйелі қайырымдылық жобалары да мемлекеттік-жекеменшік серіктестік екенін ұмытпау керек, мұнда жекеменшік серіктес қаржылық пайда көздемейді. Назарбаев зияткерлік мектебі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен «Қазақстан Халқына» қоры мен Білім беруді тұрақты дамыту қоры жүзеге асыратын тірек ауылдардағы мектептер желісін дамыту жобасы осындай серіктестіктің жарқын мысалы бола алады. Бұл қадамдар білім берудің қолжетімділігі мен сапасын сақтай отырып, қоғамдық мақсаттарға жетуге ықпал етеді.

Басқарудағы маңызды қадам – ресурстарды әділ бөлуді қамтамасыз ете отырып, білім беру мекемелерін дамытудың жергілікті басымдықтарына қатысты шешімдер қабылдау. Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында жергілікті атқарушы органдардың қаражатты бөлудегі дербестігі туралы айтылды. Білімге жеткілікті ресурстарды бөлу, оларды пайдаланудың айқын тиімділігін ескере отырып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Білім басқармасының жаңа моделінде білім беру саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасында міндеттерді бөлу мәселесін ескеру қажет. Білім беруді бес негізгі блокқа бөлуге болады: білім беру мазмұны, инфрақұрылым, менеджмент пен басшылық, кадрларды қамтамасыз ету және бағалау.

Бұл ретте оқу ғимараттарын салу және күтіп ұстау, оқытуға арналған транспорттар мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты инфрақұрылым жасау жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде. Олар өз юрисдикциясы шеңберінде білім беру мекемелерінің адекватты жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, жергілікті ерекшеліктер мен қажеттіліктерді тиімдірек қарастыра алады.

Одан өзге, білім беру жүйесіндегі менеджмент пен басшылық – уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара байланысты функция болуы керек. Бұл білім беру мекемелерін тиімді басқаруды, жоспарлауды, кадрлармен қамтамасыз етуді, олардың құзыреттері мен ресурстарына байланысты оқу процесін ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Осылайша, білім берудің бес негізгі блогі шеңберінде уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы міндеттерді бөлу ұлттық стандарттарды да, жергілікті ерекшеліктер мен қажеттіліктерді де ескере отырып білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне ықпал етуі тиіс.

Оқу орындарының дербестігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Дербес білім беру мекемелері инновациялар мен білім берудің икемді тәсіліне арналған бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Олар оқушылардың өзгермелі қажеттіліктеріне тез бейімделе және озық білім беру әдістерін енгізе алады. Мұндай ұйымдардың негізгі жетістігі – көрнекті педагогтер мен ғалымдарды тарту қабілеті, бұл білім беру процесін инновациялық зерттеулермен және озық педагогикалық әдістермен байытуға мүмкіндік береді.

Ауылдарда автономды мектептер желісін құру да маңызды қадамдардың бірі болуы мүмкін. Олар ауылдың нақты қажеттіліктері мен сипатына сәйкес келуі керек. Автономдық әр түрлі бағыттардағы: жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлық, инженерлік, IT желілік мектептер бейінді бағыттардағы мықты мектептер қатарында болады.

Уәкілетті орган мен басқа да тиісті ведомстволардың, мемлекеттік құрылымдардың жұмысын тәуелсіз бағалау олардың білім беру саласындағы іс-қимылдарының тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау бюджеттік қаржыландыруды, стратегиялық жоспарлауды және білім беру жүйесіне өзгерістер енгізуді талдауды қамтуы мүмкін. Білім беру жүйесінде ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз ету – басты мақсат болмақ. Жүйенің қазіргі жай-күйі туралы өзекті ақпаратқа ие болу үшін мемлекеттік құрылымдардың білім беруі мен жұмыс сапасын әрдайым бағалап отыру керек. Бағалау нәтижелері қоғамға қолжетімді болғаны және білім беру саласындағы стратегиялар мен шешімдерді түзетуде пайдаланылғаны дұрыс. Бағалау кезінде мүдделі тараптардың, соның ішінде ата-аналардың, оқушылардың, мұғалімдердің және білім беру мекемелерінің пікірін ескерген абзал. Олардың кері байланысы объективті бағалау мәселесін толықтырып, білім беру жүйесіндегі проблемалар мен қажеттіліктерді анықтауға көмектеседі.

Білім беру сапасын, әсіресе ауылдағы білім беру сапасын арттыру мақсатында бір-біріне жақын орналасқан бір немесе бірнеше елді мекен аумағындағы ресурстарды желілік өзара іс-қимыл негізінде шоғырландырып, тәжірибе алмасу қағидатына орай білім беру округін (кешендер) құру арқылы бірнеше білім беру ұйымының мүмкіндіктері пайдаланылады. Бұл тәжірибе алмасуға жол ашады және оқушылардың білім сапасын арттыру үшін білім беру округіндегі (кешендердегі) қолжетімді ресурстарды тиімді пайдалану мәселесін қамтамасыз етеді. Олардың құрамына мектептер, шығармашылық үйлер, спорт залдары, музыкалық мектептер және басқа да мектептен тыс ұйымдар кіреді.

Әртүрлі ұйымдарды біріктіру балаларға білім беру мүмкіндіктерінің ауқымды және әртүрлі спектрін құруға жол ашады. Ауыл мектептері қосымша білім беру функциясын да орындайды.

Білім беру округі (кешендер) оқу мен қосымша білім беру ұйымдары арасында серіктестік орнату үшін тәжірибе алмасуға, ресурстарды біріктіруге жағдай жасап бере алады. Бірлескен іс-шаралар балалардың әлеуметтенуіне, көшбасшылық дағдыларын дамытуына, қоғамдық өмірге араласуына септеседі.

Ата-аналар балаларының білімі мен сыныптан тыс жұмыстарын оңай бақылап, үйлестіре алады.

Әртүрлі білім беру ұйымын біріктіру олардың арасындағы оқу жоспарларың, күнтізбелерді және ресурстарды жақсырақ үйлестіруге мүмкіндік береді, бұл неғұрлым келісілген және тиімді білім беруге ықпал етеді.

Осы мәселелерді шешсек, заманауи әлем талаптарына сәйкес келетін инновациялық әдістерді білім беру ұйымдары енгізе алады.

Қорытынды

Бұл баяндама біздің өз балаларымыз үшін, олар балабақшаларда болсын, мектепте, колледжде не университетте оқысын, не тілейтініміз тұрғысынан ұлттық мақсаттар, білім беру талпыныстарын қоғамның кеңінен талқылауына түрткі болуы керек. Баршамыз өзіміздің балаларымыздың болашағы үшін армандайтын білім берудің нағыз жалпыұлттық басымдықтарын анықтау мен саланың дамуына жауапкершілікті теңдей бөлу үшін мемлекет пен қоғам арасында қоғамдық келісім орнататын уақыт келді.